

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№4 | 2023

ZANMEDIA.KZ

Баян ЖУСУПБЕКОВА,
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ӘКІМШІЛІК СОТЫНЫҢ СУДЬЯСЫ:

**«ЗАҢҒЕРЛІКТІ
ҚЫЗМЕТ ҮШІН
ЕМЕС, ҚҰҚЫҚТЫ
БІЛУ МАҚСАТЫНДА
ОҚУ КЕРЕК»**



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№4 | 2023

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Баян ЖУСУПБЕКОВА,

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы:

«ЗАҢГЕРЛІКТІ ҚЫЗМЕТ ҮШІН ЕМЕС, ҚҰҚЫҚТЫ БІЛУ МАҚСАТЫНДА ОҚУ КЕРЕК»

Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ

3

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНДЕ БІРІЗДІЛІК ЖОҚ

Б. МАҚҰЛБЕКОВ

9

ЗЕРДЕЛІ ҰСТАЗ - ҒЫЛЫМ БИІГІНДЕ

Ж. САПАРБЕКОВА

13

СОТТАН ТЫС БАНКРОТТЫҚТЫҢ САЛДАРЫ БАР

А. КЕСЕБАЕВА

15

ҰЖЫМДЫҚ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН РЕТТЕУДЕГІ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР

Б. ТОҚБАЕВ

17

КОДЕКС СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРДЫ

А. ЖАНАДИЛОВА

20

АТА-АНА ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАР ДА АЛИМЕНТ ТӨЛЕЙДІ

А. ЖУМАЕВА

22

ӨКІМШІЛІК ЖАЗАДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

Г. ХАМИТОВА

24

АЛҚАБИЛЕР ҚАРАЙТЫН ІСТІҢ АРНАСЫ КЕҢЕЙДІ

А. ИЗБАСАРОВ

26

ТАРАПТАР МЕДИАТИВТІ КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

А. ШЕКЕНОВА

28

НЕКЕ ШАРТЫ — ОТБАСЫН САҚТАЙДЫ

А. МАУЛЕНБАЙ

30

БІЛІКТІ АУДАРМАШЫЛАР ЖЕТІСПЕЙДІ

Е. ЕРЖАНҰЛЫ

32

ЕЛІН СҮЙГЕН АДАМ ТІЛІН ДЕ БІЛУГЕ ТИІС

К. СЕЙТОВ

35

ӨНЕРТАБЫС: ІЗДЕНІС ПЕН ІРКІЛІС

Е. КЕБЕКБАЙ

38

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ, ТҰТЫНУШЫ!

А. ЖЕТПИСБАЕВА

41

Баян ЖУСУПБЕКОВА,

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы:

«ЗАҢГЕРЛІКТІ ҚЫЗМЕТ ҮШІН ЕМЕС, ҚҰҚЫҚТЫ БІЛУ МАҚСАТЫНДА ОҚУ КЕРЕК»



– Баян Бұланқызы, әкімшілік әділет жүйесінің қолданысқа енгеніне екі жылға жуықтады, халық сенімі қаншалықты ақталуда, артықшылықтарына тоқталып өтсеңіз?

– Жалпы, әкімшілік әділет институты аза-

маттарды мемлекеттік, әкімшілік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғайды. Президенттің «Қазақстан жолы–2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз екені, сондықтан, отандық құқық жүйесіне әкімшілік әділет институтын енгізу қажеттігі ерекше аталған болатын. Осыған орай, республикамызда алғаш рет Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданды. Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғаудың жоғары деңгейі белгіленіп, елімізде мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар жұмысын бастады.

Жария-құқықтық даулар мемлекеттік органның кінәлілігі презумпциясы қағидатымен шешілуін аталған заңның басты артықшылықтарының бірі деуге болады. Мұнда азамат әлсіз тарап, сондықтан, дәлелдеу ауыртпалығын жауапкер алады, яғни, өздері қабылдаған шешімдердің заңдылығын билік органдары, лауазымды тұлғалар дәлелдейді. Тағы бір тиімділігі, іс қарау барысында судья мәлімделген талаптармен шектелмей, талапкерге арыздағы талаптарын дұрыс көрсетуге, тіпті, оның түрін өзгертуге көмектесіп, жекелеген құқықтық мәселелерде өз пікірін білдіре алады. Осындай мүмкіндіктер

халық сенімін ақтауда тиімді тетікке айналып жатыр.

Дамыған елдерде әкімшілік соттардың беделі жоғары, сот шешімдері мемлекеттік және әкімшілік органдар қызметкерлерінің өз жұмыстарына деген жауапкершілігін арттыруда. Мемлекет басшысы айтқандай, «заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге аспайды».

Қазақстан заңдары ешкімге артықшылық бермейді, сот алдында жұрттың бәрі тең. Әділдік іздеген азаматтар мен заңды тұлғалардың істерін конституциялық құқыққа сай шешу арқылы біз заңның үстемдігін қамтамасыз етеміз. Ал, заңы үстемдік құрған елде халықтың сенімі әрқашанда берік болады.

– Талап арыздардың басым көпшілігі қандай істерге қатысты түсуде?

– Негізінен жер мен салық дауларына, сондай-ақ, сот орындаушыларының әрекеттеріне қатысты арыздар көп.

– Мемлекеттік қызметкерлердің, оның ішінде лауазымды тұлғалардың заң талаптарын бұзуын немен байланыстырар едіңіз, олар заңды білмей ме әлде өз істеріне немқұрайлы қарай ма?

– Бұл сұрағыңыздың жауабын заң талабын сақтау, оны орындау мәдениетінің кемшілігімен байланыстырар едім. Қызметкерлерді заңсыздыққа заңды білмегендіктен барады деуге болмас. Өйткені, олардың білімдері жоғары, тәжірибелері бар. Оның үстіне ақпараттық технология дамыған заман, кез келген өзгерісті бірден білуге болады. Сондықтан, әр адам өз бойында заңды сыйлау мәдениетін қалыптастыруы керек. Карл Маркс айтқандай, «Мәдениет – адам бойындағы адамгершіліктің өлшемі». Осы өлшемді қатаң ұстанғандар ешқашан да немқұрайлылыққа жол бермейді.

– Азаматтардың дауды ортақ мәмілеге келу арқылы бітіруге деген ұмтылыстары көңілден шыға ма?

– Жария-құқықтық дауларда медиацияны қолдану екі жаққа да қолайлы екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Себебі, тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық кезеңінде татуласу, медиация, партисипативтік рәсімдерді қолдана алады. Бұл үшін олар осы рәсімдердің өздеріне тиімдісін таңдап, келісімді сот шешім шығаруға кеткенге дейін мәлімдейді. Сондай-ақ, жауапкердің әкімшілік қалауымен де татуласуға болады.

Айтып өтерлігі, аталған рәсім тәртібімен жасалған келісім шарттар заңға қайшы келмеуі, сондай-ақ, басқалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін бұзбауы тиіс. «Елдестіркем елшіден...» демекші, біздің араласуымызбен дауласушылар арасында татулық орнаса, қоғамның да ахуалы жақсарады. Осы себепті, тараптарды келісімге келтіруде заң талаптарын егжей-тегжейлі түсіндіреміз. Жария-құқықтық дауларда істің тез бітуін қалайтындар аз емес, мұны күнделікті көріп отырмыз. Әсіресе, әкімшілік істерде жұртшылықтың медиацияға деген көзқарасы оңалып келеді.

– Соттарда партисипативтік рәсіммен бітетін істер санының аздығы адвокаттар мен заңгерлердің медиацияға деген кері көзқарасын көрсетпей ме?

– Адамның құқығын қорғап, дауды өршітпей бітіруде адвокаттар мен заң палаталары мүшелерінің рөлі басым екенін жоққа шығармаймыз. Өкінішке қарай, партисипативтік рәсімдер аясында келісім жасаушылар көрсеткіші артпай отыр. Бұл мәселе адвокаттар мен заңгерлердің өз қызметтерінде адам факторына басымдық беріп, даудың жедел бітуіне мүдделілік танытуын талап етеді.

– Сот жүктемесі сіздерде қаншалықты шешілген, судьялар жеткілікті ме?

– Мамандандырылған әкімшілік соттар бір-екі жылдың жемісі емес, оның негізі 2010–2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасынан бастау алады.



Осы жылдар ішінде дамыған елдер тәжірибесі мұқият сараланып, дайындық жұмыстары жан-жақты жүргізілді. Нәтижесінде кадрлар мәселесі де тиімді шешілді деуге толық негіз бар. Сотта судьялар жеткілікті.

– Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстегі ақшалай өндіріп алу нормасының сот актілерінің уақытылы орындалуына әсері бар ма?

– Заңды күшіне енген сот актілерін дер уақытында орындау кімге болса да міндет, орындамайтындар заңға сай жауапкершілік арқалайды. Мысалы, кодекстегі басты ерекшеліктің бірі сот өзі қабылдаған шешімнің орындалуына тікелей бақылау жасайды. Нақты айтқанда, заңды күшіне енген сот шешімі үш жұмыс күні ішінде жауапкерге жіберіледі. Жауапкер оны бір айда орындап, бұл туралы сотқа хабарлауға міндетті.

Ал, сот актілерін, сол сияқты соттың талаптарын орындамау осы кодексте көздел-

ген процестік мәжбүрлеу шаралары, ақшалай өндіріп алуды қолдануға алып келеді. Ақшалай өндіріп алу мөлшері 10 айлық есептік көрсеткіштен бастап 100 АЕК-ке дейінгі соманы құрайды. Мәселен, әкімшілік істі қараудың созылуына алып келетін әрбір әрекет пен әрекетсіздік үшін 10 АЕК өндіріледі. Сонымен қатар, соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, іске қатысушының сотқа келмейтіні туралы уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды бермегені, төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, белгіленген қағидаларды бұзғаны, сотты және судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер мен әрекетсіздіктер 20 АЕК-ке дейінгі ақшалай өндіріп алуға негіз болады.

Ал, соттың шешімін және тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу бойынша келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағандарға 50 АЕК мөлшерінде ақшалай



**Сот мәжілісінің хатшысы
Раушан Бижановамен бірге**

ген шығармасында халқымыздың әйгілі үш биін «Бірі бастап берген әңгімені екіншісі қостай жөнелгенде, тоты құстың қауырсынындай құлпырып, аяқ астынан ажарланып жүре беруші еді. Сол үшеуінің аузының дуасындай бірлік бергенде, қазақтың жұлдызы қалай-қалай жарқырап еді. Қандай қиын түйінде де Әйтеке бауыздап, Қазыбек ұшалап, Төле мүшелеп берер еді. Қандай қиқар даукесің де Әйтеке айтқанда құлақ аспасқа, Қазыбек айтқанда қоштамасқа, Төле айтқанда «төресі осы» деп жығыла кетпеске жағдайы жоқты. «Әйтеке жарып, Қазыбек қазып, Төле тауып айтады» деген сөз осыдан қалған екен» деп суреттейді.

Дана халқымыз

«Болмасаң да ұқсап

өндіріп алу қолданылады. Соттың шешімін, ақшалай өндіріп алу туралы ұйғарымын орындамау даусыз тәртіппен қайталап ақшалай өндіріп алуға алып келеді. Осыған орай, сот бекіткен ерікті түрде орындалмаған медиация келісімі де мәжбүрлеп орындатуға жатады. Бұл нормалар өз кезегінде сот актілерінің орындалуына оң әсерін тигізуде.

– Дана билеріміз дау шешуде «Тура биде туған жоқ...» принципін берік ұстанды, қазіргінің қазылары осы принцип үдесінен шыға алып жүр ме?

– Жазушы Әбіш Кекілбаев «Үркер» де-

бақ» деген ғой, осындай дана билеріміздің ізін жалғап, олардың әрбір ісінен өнеге алған судьялар қауымының адалдық принципінен айнаymасы хақ. Заңы үстем тұратын, сол арқылы әділдік салтанат құратын қоғам орнату біздің басты міндетіміз.

– Сот саласында мықты реформалар жүзеге асырылып жатыр, десек те сенім деңгейі неге күтілген нәтижеге жетпеді?

– Сотқа деген сенімнің нық қалыптасуы судьялар жұмысына ғана емес, сонымен бірге азаматтардың құқықтық білім-білі-

гіне, адвокаттар мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, т.б. заңгерлердің кәсіби мәдениетіне де тікелей байланысты дер едім. Өйткені, заңды білген адам сот шешімінің заңды, заңсыздығын екшеп, өз тарапынан кеткен қателікті саралай алады. Өкінішке қарай, қоғамымыз «сот дұрыс шешім шығармады» деген қасаң көзқарастан арыла алмай келеді.

Қазіргі күні дау-жанжалды сотсыз шешудің баламалы тәсілдері жанданып жатыр. Мұны айтып отырғаным, жеңілген тарап өзінің кемшілік-қателігін, заңға қайшы әрекетін мойындаудың орнына сотты кінәлайды. Осы себепті, дауласушыларды татуластырудың маңызы зор.

Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы «Кез келген кітаптың басты мақсаты – ағарту болу керек» деген. Тараптар іс барысында даудың шығу себебіне терең бойлап, ағартушылық мақсатты ұстанса, заңды шешімдерге күмән келтірмейді. Бұған адвокаттар мен өкілдер тарапынан үлкен белсенділік керек. Осы арқылы сотқа да, судьяға да сенімді нығайтуға болады. Сот саласындағы әрбір бастаманың артында азаматтар құқығын жан-жақты қорғау міндеті тұр. Осындай ізгі ниетті көздеп отырған жаңа соттар да халықтың көңілінен шығып, әкімшілік әділеттің нығаюына серпін беруде.

– Жаңадан тағайындалған судьялар іс қарауға дайын болып келу керек деген пікірлер бар. Сіздің бұған көзқарасыңыз?

– Билер институтының тарихы бала билердің дана билер сынағынан өткенін, олардың қастарында жүріп баталарын алғанын көрсетеді. Осы жағынан келгенде сот саласында қанша жыл тәжірибесі болса да, судьялыққа алғаш кіріскендердің тәжірибелі судьялардан бағыт-бағдар алғаны артық болмайды деп ойлаймын.

– Судьялардың әдеп кодексі олардың саяси партияға мүше болуына, саясатқа араласуына тыйым салады. Бұл сот қызметкерлерін қоғамның саяси өмірінен алшақтатып жібермей ме?

– Сот шешімі мемлекет атынан қабылданады. Сондықтан, судьялар саясатқа араласа алмайды. Бірақ, бұл қоғамдық-саяси мәселелерден мүлде хабарсыз болады дегенді білдірмейді. Біздің мемлекет дамуына қосар үлесіміз сот төрелігін әділ жүзеге асыруымызбен бағаланады.

– Тараптардың сотта өзін-өзі ұстау мәдениетіне көңіліңіз тола ма?

– Азаматтар сотқа дау-дамаймен, жандары күйіп келеді. Кейде олардың сондай күймен өздерінің сөзіне, іс-әрекетіне есеп бере алмай қалатын кездері бұрын болды. Бірақ, бүгінгі күні әрбір сот отырысы бейне жазбаға жазылады. Бұл шара сотқа қатысушыларды тәртіпке шақыруда тиімділігін көрсетті.

– Құқықтық мемлекет құру үшін жұртшылық тарапынан қандай талаптар қатаң сақталуы керек деп ойлайсыз?

– Құқықтық мемлекетте өмір сүру әр адамның арманы. Бірақ, Ата Заңды, басқа да заң актілерінің нормаларын қатаң сақтамай мақсатқа жету қиын. Бұлай дейтінім, құқықтық білім-білігі, мәдениеті жоғары азаматтары басым елдің болашағы әрқашанда жарқын болады. Мысалы, күнделікті тірлігін заңмен байланыстырып, кез келген қызметті пайдалануда келісімшартқа отырған адам осы әрекеті арқылы құқығының қорғалуын қамтамасыз етеді. Яғни, азаматтар заңгерлікті қызмет үшін емес, өз құқықтары мен міндеттерін білу мақсатында оқыса, қоғамымыз жедел сауаттанады.

– Жұмыс барысында айрықша есіңізде қалған іс бар ма?

– Судьялық қызметке алғаш кіріскен кезімде жеке кәсіпкердің бизнесін уақытша тоқтату туралы талап арызды қарадым. Шағымды егжей-тегжейлі тексеріп, арнайы мамандарды шақырдым. Тұрғындардың қаншалықты зиян шеккендігі анықталды. Заң бойынша ойын-сауық орындарына түнгі 11-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат етілген. Кәсіпкер бірнеше адамды жұмыспен

қамтып отыр. Кафенің уақытша жабылуы біраз отбасының жағдайын қиындататыны көрініп тұр. Құжаттар дұрыс, заң талабы бұзылмаған. Уақытымен ашылып, уақытымен жабылады екен. Бірақ, тұрғындар кафенің жұмыс істеуіне қарсы болып, тиісті мемлекеттік мекемеге шағымданған. Ал мекеме, жеке кәсіпкердің жұмысын тексере келе, нәтижесінде тұрғындардың мазасын алады деп, сотқа жүгінген. Талап арыз негізсіз берілгендіктен, қанағаттандырусыз қалдырдым. Шешім шыққаннан кейін екінші күні күзеттегілер бір кісінің гүл әкеліп тұрғанын айтты. Бізге тараптармен кездесуге болмайды. Ақтөбеге жаңадан келгенмін, бәлкім, біреумен шатастырған шығар деген оймен елемедім. Күзеттегілерге «Әділ шешім шығатынына сенбеп едім. Қыз бала болған соң ризашылығымды гүлмен білдіргім келді» депті. Бір жағынан қобалжысам, екінші жағынан жауапкердің сотқа білдірген сеніміне риза болдым. Кейіннен арызданушы мекеме жоғары саты сотына шағымданды. Бірақ, сот шешімі заңды күшінде қалды.

– Төрелік етуде, жалпы өмірде ұстанатын қағидаңыз?

– Бабаларымыз «Ұрыс тұрған жерде ырыс тұрмайды» дегенді бекер айтпаған. Дау шешуде тараптарды табыстырып, оларды татуластыруға барынша көңіл бөлемін. Өйткені, сотта қаралатын істің кемуі жүктемені азайтумен қатар, күрделі істердің сапалы қаралуына жол ашады. Қызметімде адам құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз ету қағидатын алдыңғы орынға шығарамын. Жалпы өмірде «Тірлікте амандық – жақсы, істе – адалдық жақсы» ұғымына бас иемін.

– Әйел адамдарға қызмет пен отбасын қатар алып жүру қиын емес пе?

– Жұмысымыздың күрделі, жауапты екеніне талас жоқ. Десек те, жеке өмірді, жанұяны ұмытуға болмайды. Әр адамның

өз отбасы алдында міндеті бар. Қандай қызмет атқарса да отбасының береке-бірлігін сақтап, өсіп-өну әркімнің өзіне байланысты.

– Еңбек жолыңызға қысқаша тоқталып өтсеңіз?

– Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде заңгер мамандығын, ал Экономика және Статистика академиясын қаржы саласы бойынша бітірдім. Алғашқы еңбек жолымды құжат рәсімдеу бөлімінде қатардағы қызметкерден бастадым. Түрлі мекемеде қызмет етіп, инженер, заңгер, облыстық Әділет басқармасында бас кеңесші, аудармашылық қызметтер атқардым. Сот саласында ҚР Жоғарғы Соты президиумында көмекші, қылмыстық және азаматтық сот алқаларында кеңесші, сот тәжірибесі мен заңдылықты қолдану бөлімінде кеңесші болдым.

2003 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақтөбе қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына судьялыққа тағайындалып, осы сотта он жылдан аса қызмет еттім. Бұдан кейінгі жұмысым Алматы қаласының ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотында жалғасты. Елімізде мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың ашылуы осы сотқа ауысуыма себеп болды.

– Бақытты отбасының, жалпы, бақыттың сыры неде деп ойлайсыз?

– Бақытты отбасының сырын сол әулеттің береке-бірлігімен байланыстырамын. Барды да, жоқты да сабырмен, қанағатпен қабылдау бақытқа жеткізеді. Өтірігі жоқ жанұяның түтіні қашан да түзу ұшады. Жалпы, қай нәрсеге де қанағат ете алатын адамның барлық жерде өзін бақытты сезінетіні анық.

– Әңгімеңізге рақмет.

**Сұхбаттасқан
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ**

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНДЕ БІРІЗДІЛІК ЖОҚ

Қазіргі уақытта заң ғылымы саласында да, заңнамаларды қолдану тәжірибелерінде де заң терминдерін реттеу және белгілі бір жүйеге келтіру мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Әсіресе, мемлекеттік тілді қолдану аясында заң терминдерін пайдалану тәжірибесі ешқандай сын көтермейді. Басты себеп, заң терминологиясы заң ғылымының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылмай көлеңкеде қалып отыр.




Бағлан МАҚҰЛБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының доғарыстағы судьясы

Қоғамдық өмірде нарықтық қатынастардың тереңдеп дамуы, шетел инвесторларының еліміздің экономикасына қызығушылық танытуының нәтижесінде құқықтық айналымдарға көптеген жаңа терминдер еніп жатыр. Ал, нақты заң ғылымы мен практикасы саласына келетін болсақ, заң терминдерінің дұрыс анықталмауы құқық қолдану тәжірибесінде қателіктерге жол бастауы мүмкін.

Құқық нормасы – нақты, белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттейтін қағида. Жалпы, құқықтық нормалардың мазмұны мен мағынасы, құқықтың табиғаты халыққа

түсінікті және орнымен қолданылады. Ал, заң терминдерін қолдану тәжірибесінде мұндай бірізділік, тұрақтылық сақталмайды.

Қазіргі уақытта отандық заң ғылымының алдында заң терминологиясының құрылымы мен құрамын зерделеу, заң терминологиясының дереккөздерін анықтау, оларды белгілі бір жүйеге келтіру міндеті тұр. Аталған мәселе тек заң терминологиясын заң ғылымының ажырамас, құрамдас бөлігі ретінде



қарастырғанда ғана оң шешімін табатынына сенімдіміз. Заң терминдері белгілі бір жүйеге келтірілген жағдайда ғана құқықтық нормалар өз мәнімен, әртүрлі талдауларға ұшырамай, өз мағынасында қолданылатын болады.

Біздің зайырлы, құқықтық мемлекетте өмір сүріп отырғанымызға қарамастан әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар мен заң қызметкерлері заң терминдерінің орнымен қолданылуына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмейді. Нәтижесінде «ала-құла» заңнама қолдану практикасы қалыптасып, әсіресе, мемлекеттік тілдің қадір-қасиетіне нұқсан келіп отыр. Енді талдап отырған мәселенің объективті және субъективті алғышарттары туралы жеке пікірлерімізді білдірсек.

Елімізде заң шығарушы орган – Парламент екені белгілі. Жыл сайын қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыратын әртүрлі мазмұндағы ондаған заң қабылданып жатады. Аталған заңдар мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады. Басты кемшілік – осы екі тілде қабылданған заңдар мәтіндерінің сәйкестігіне, мазмұны мен мағына-

сының дәлме-дәл келуіне жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Екінші мәселе – заң жобалары негізінен орыс тілінде даярланып, талқылаудың барлық сатыларынан өтіп, сонан кейін ғана мемлекеттік тілге аударылады. Заңнама мәтіндерін аудару мәселесімен негізінен тіл мамандары айналысатыны тағы да белгілі жағдай. Осы ретте заң нормалары мен заң терминдерінің құқықтық мазмұны мен табиғатына тиісті көңіл бөлінбей, еркін шығармашылық әрекеттеріне жол беріліп, екі тілде қабылданған мәтіндердің мазмұны мен мағынасы арасында қарама-қайшы түсініктер қалыптасады.

Сөзіміз дәйекті болу үшін мысал ретінде, 2016 жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енген Азаматтық процестік кодексті алайық. Елімізде жүргізіліп жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық реформаларды табысты жүзеге асыруда, азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету жолында аталған кодекстің рөлі өте зор екені белгілі.

Дегенмен, осы кодификацияланған нормалар жинағын қолдануда көптеген кедергілер кездесетінін жасырып қалу мүмкін емес. Басты кедергі, бірінші кезекте мемлекеттік және орыс тіліндегі заң терминдерінің мазмұны мен мәнінің сәйкес келмеуінде болып отыр. Яғни, екі тілде қолданылған бір заң термині бір ғана құқықтық норманы емес, мазмұны мен мәні жағынан екі түрлі құқықтық салдарларды айқындайды.

Біздің пікірімізше, кодекстің атауы орыс тілінен мемлекеттік тілге дұрыс аударылмаған. Заңгерлер қауымына түсінікті бір мәселе – «процесс» деген құқықтық ұғым сот отырысында азаматтық дауларды зерделеу, талдау нәтижесінде шешім қабылдау дегенді білдіреді. Ал, азаматтық процестік заңнамада сот залынан, процестен тыс жағдайларда жүзеге асырылатын әрекеттер жиынтығы бар емес пе, мысалы: жылжымайтын мүлікті қарау, жер телімдерін өлшеу, сот тапсырмаларын орындау, т. с. с. Аталған әрекеттердің орындалуы іс бойынша заңды әрі негізді шешім қабылдауға тікелей әсер ететінін ескерсек, кодекстің мемлекеттік тілде «Азаматтық процестік кодекс» деп аталуы оның құқықтық мазмұнына сай келмейді деп есептейміз. Бұрын қолданыста болған, 1999 жылы қабылданған кодекс мемлекеттік тілде «Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі» деп аталған еді. Міне, осы атау (термин) өте сәтті қолданылған және азаматтық дауды реттеудің барлық құқықтық сатыларын толық қамтитын қағидалар жинағы еді. Ал, қолданыстағы кодекс қабылданған кезде заң шығарушы орган неліктен кодекстің «процестік» кодекс деп аталғанына ғылыми түсініктеме бермеді.

Аталған кодексте құқықтық терминдердің дұрыс аударылмауы оны тәжірибе жүзінде қолдануда үлкен қиындықтар туырып отыр. Мысалы: «приостановление» және «прекращение» деген заң терминдері «тоқтату» деп аударылған. Бұл терминдердің құқықтық табиғаты мен құқықтық салдарлары әртүрлі екені ескерілмеген. Мұндай жағдай заңнама мәтіндерін, заң терминдерін аудару жұмысына тәжірибелі, білікті заңгер мамандардың қатыстырылмауынан туын-

дап отыр. Тізіп жаза берсек, осы бір ғана заң актісінде жіберілген кемшіліктер үлкен ойға, толғанысқа жетелейді. Осыдан кейін заңдарды жоспарлау, дайындау, қабылдау процесінің болашағы қандай болады деген тығырыққа тірелесің.

Мемлекеттік тіл болсын, басқа да тілдер болсын, тілдің құндылығы қолданылатын терминдердің, сөз тіркестерінің нақтылығында, тазалығында, дәлме-дәл сәйкестігіне тікелей байланысты екенін естен шығармау қажет. Заң қолданушылар қабылданған заңдарды өз дәрежесінде пайдалануға мәжбүр екені де ақиқат. Тек бір терминологиялық олқылықтары үшін заңның қайта қаралуы мүмкін емес қой.

Филология ғылымында «варваризм», яғни, тілдің «шұбарлануы» деген ұғым бар екен. Қазіргі уақытта мемлекеттік тілде қабылданған заң актілерінің мәтіндерінде басқа тілдерден алынған терминдердің қолданылуы жиі үрдіс алып бара жатыр. Егер бұл практика жалғаса берсе баға жетпес құндылығы бар, тазалығы бұлақ суындай тұнық, өзіне ғана тән қадір-қасиеті бар, мәні мен мазмұны мұхиттан да терең ана тіліміздің болашағы не болмақ. Жауқазындай жайнап өсіп келе жатқан жас ұрпаққа қандай мұра қалдырамыз.

Заң ғылымы мен практикасында заң терминдерін мемлекеттік тілде қолдануда біраз объективті кедергілердің де бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Заң терминдерінің қазақ тіліндегі сөздіктері жоқтың қасы. Бұрнағы жылдары бірнеше сөздік жарық көрген еді. Бірақ осы «еңбектердің» ғылыми және практикалық құндылықтары өте төмен болғандықтан ешқандай қоғамдық сұраныстарға ие бола алмады, тіпті, ұмытылып кетті. Жоғарыда айтылғандай, аталған сөздіктер әр автордың қалауы бойынша дайындалып, бірізділік, жоспарлау сияқты талаптарға сай келмегендіктен, пайдалануға жарамсыз болып қалды.

Біздің пікірімізше, осы мақаланы жазуға себеп болып отырған мәселелерді шешудің басты жолы – ол заң жобаларын мемлекеттік тілде дайындау және қабылдау болып табылады. Бұл ұсынысымыз Ата Заңымыздың

принциптерімен толық үндеседі және солай болуы тиіс деген сенімдеміз.

Заң жобаларын Парламентке ұсынатын субъектілердің қатарына Үкімет пен Парламент депутаттары жататыны белгілі. Осы ретте жаңадан сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының жұмысына үлкен үміт артамыз. Сонымен қатар, қызметтік өкілеттіктеріне байланысты аталған мәселемен еліміздің Әділет министрлігі де айналысады. Сонда қалай, аталған органдарда мемлекеттік заң жобаларын дайындайтын мамандар жетіспей ме немесе олардың алдына тиісті талаптар қойылмай ма, олардың жауапкершіліктері туралы ескертілмей ме?

«Ана тілімізді ардақтайық» – деп ұран салатын басшылар да, депутаттар да елімізде жеткілікті. Біз мемлекеттік тілден басқа тілдер қолданылмасын деген ойдан мүлдем аулақпыз. Мәселе, тілдерді, терминдерді қолданудағы жіберілген қателіктер төңірегінде болып отыр. Аталған кемшіліктер қабылданған заңдардың мәртебесін көтеруге, беделін түсірмеуге қызмет етсе деген толғаныста.

Парламент Мәжілісі аппаратының қызметкері Д.Омашұлы «Заң қай тілде жасалып жатыр?» – деген зерттеу мақаласында академик Ә.Қайдаровтың сонау 90-шы жылдардың басында айтқан: «Қазақ тілі терминологиясы әртүрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқ асты болып бара жатыр» – деген пікіріне сілтеме жасаған екен. Осы пікірдің айтылғанына 30 жылдан астам уақыт өтсе де, әлі де өзінің құндылығын жоғалтпағанын бағалау қажет.

Терминология ғылымы тұралап тұр. Айтылған проблеманы мойындай отырып, оны шешудің жолын қарастырып жатқан мекеменің де, жауапты мамандардың да дауыстары естілмейді. Біз мемлекеттік терминология комитетінің қызметіне баға беруге әрекеттеніп отырған жоқпыз. Дегенмен, қоғам мүшесі, заңгер-маман, ынталы азамат ретінде осы мәселе турасын-

да алаңдаушылық білдіретінімізді жасыра алмаймыз.

Келесі мәселе, елімізде мемлекеттік тілдегі заң терминдері белгілі бір жүйе бойынша сараланбаған. Сондықтан кейбір терминдер екі түрлі мағынада қолданылады. Бұл жағдай ресми процестік құжаттарды дайындағанда үлкен қиындықтарға жол ашады. Құжаттардың мағынасы мен мазмұнына нұқсан келеді.

Жалпы, «термин» деген сөз латын тілінде «шекаралық» деген мағынаны білдіреді. Сонда қолданылған әрбір термин айтылатын ойдың, тұжырымның, пікірдің «шекарасын» нақты ажыратуға қызмет етуге тиіс. Ал, біздің заң терминдерін қолдану тәжірибеміз осы талаптарға сай келе ме? Ойланып көрейікші.

Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болашақ заңгерлерді даярлау барысында мемлекеттік тілдегі әрбір заң терминдерінің мағынасын, мәнін ашуда кездесетін қиындықтар өз алдына бір төбе. Студенттер екі тілдегі заңнама мәтіндерін салыстыра отырып, өздерінің орынды пікірлерін баяндап жатады.

Заң терминдерінің айтылуы мен аудармасының арасында белгілі бір заңдылықтар бар екені белгілі. Аударма процесінің күрделі ғылым екені, біліктілікті, табандылықты қажет ететіні түсінікті. Дегенмен, қоғамда болып жатқан қатынастарды реттеуде, даулар мен шиеленістерді шешу барысында қолданылатын заң нормаларының құндылығы терминология ғылымының даму барысына тікелей байланысты екенін түсіну қажет. Терминология ғылымының болашағына, оның ішінде заң терминдерін қолдану тәжірибесіне жауапты мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметі қоғам назарында болуы тиіс.

Мемлекеттік тіл – бірінші кезекте еліміздегі қызметтік тіл. Заңды дұрыс қолдану мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық өміріндегі жауапты мәселелерді тиімді жолмен шешудің бірден-бір жолы. Мемлекеттік тілімізді қадірлей, қастерлей отырып, заң терминологиясының дамуына, болашағына сара жол саламыз деген сенімдеміз.

ЗЕРДЕЛІ ҰСТАЗ - ҒЫЛЫМ БИІГІНДЕ

Еліміздің іргетасы мығым, әлемдік білім кеңістігінде өзіндік орны бар әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті шәкірттерінің үлгі тұтар ұстазы, «Құқықтану» мамандығының қазіргі биігіне көтерілуіне өзіндік үлесін қосқан, ел көшін алға сүйреген абзал жандардың бірі - заң ғылымдарының докторы, профессор Серікқали ТЫНЫБЕКОВ.



Тыныбеков Серікқалидың өмір жолы көптеген басылымдарда жарияланған. Кез келген қызығушылық білдірген адам «Энциклопедиялық анықтамадан» да көре алады. Алайда мен бүгінгі таңда ұстазым жайлы кафедра меңгерушісі, әрі қызметтес әріптес ретінде толғанысымды білдірмекпін.

Серікқали Тыныбекұлы Қазақ елінің 30 жылдық тарихында егеменді ел болып қалыптасуында өз саласы бойынша теңдессіз еңбек еткен ғалым десек, артық айтқандық емес. Оны Қазақ елінің мықты патриот азаматы ретінде риясыз көңілмен бағалаймын.

Ұстаз деген – ұлық ұғым. Мына дүниеде жақсылыққа жетіп жатқан адамдардың әңгімесін тыңдағанда жіптің ұшы әркез ұстазға келіп тіреледі. Біз кейде мамандықты өзіміз таңдаймыз деп ойлаймыз. Бірақ Серікқали ұстазымның өмір жолына қарап, кейде керісінше бізді мамандық таңдайтын секілді.

Профессор С.Тыныбековтың өмірі тағлымға толы. Жастайынан арманы – ҚазМУ-дің заң факультетіне түсу болды. Алайда осы ізгі ниеті өмірдің бірқатар сынақтарынан кейін ғана жүзеге асты. Арман жетегіндегі Серікқали Тыныбекұлының мақсаты тек диплом алу ғана емес еді, ол жан тәнімен білікті

заңгер, кәсіби маман болуға ұмтылды. Оның алдында үлкен мақсат тұрған болатын.

Қай заманда да, қай қоғамда да дара тұлғаның жөні бөлек. Солай болған, солай бола да береді. Елім деген, жерім деген ерлердің тарихтың тар тұстарында қандай іргелі істер атқара алатынына қоғамымыздағы жетістіктерге қарап көзіміз жетіп отыр. Тоқсан жылға жуық тарихы бар әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінде «Құқықтану» мамандығының негізін қалаған нартұлғалардың өнегелі жолын сабақтастықпен жалғастырып, заман талабына сай үздіксіз дамуына өзіндік үлесін қосқан, осы сала ғылымының лайықты ізбасарларын баулып, болашаққа қарай жол сілтеген ұстаз, заң ғылымдарының докторы, профессор Серікқали Тыныбеков.

1994 жылы ол Қазақстанда алғаш рет «Қазақстан Республикасындағы Адвокатура және адвокаттық қызмет туралы» мемлекеттік және орыс тілінде курс енгізген бірегей тұлға.

Ғылым мен білімге иек артқан заңгердің бұдан кейінгі еңбек жолы көптеген жетістікке толы. Серікқали Тыныбековтың ғылыми еңбек жолы 1996 жылы заң ғылымдарының кандидаты атағын алудан басталды.

Серікқали ұстаз білгенін, өмірден түйгенін айтудан жалықпайды. Осы мұраты оны өмірлік бағытында әркез жігерлендіріп, алға жетелеп отырды. 2005 жылы ол «Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі адвокатура институты» тақырыбы бойынша заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін сәтті қорғады. 2011 жылы Шыңжаң университетінің (Үрімші, ҚХР) «Құрметті профессоры» атанды. Ұдайы ізденісте болып, білімді дамыта беруден тынбаған ол әрдайым тек қана алға ұмтылды. 2013 жылы Еуропаның ғылыми-өндірістік палатасының алтын медалімен марапатталып, Қазақстанның мерейін көкке көтерген. Осындай асыл қасиеттер өз елін, жерін шексіз сүйетін, оның рухани ғылыми әлеуетін көтеру жолында тынымсыз еңбек етіп жүрген ұлт зиялыларына ғана тән.

Қылмыстық процесс және адвокатура саласында қажетті білімді иемдене отырып, С. Тыныбеков маман ретінде жақсы дамыған ғылыми, сыни ойлау қабілеттілігі көптеген шет мемлекеттерде болып, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсенді қатысуына мүмкіндік берді. Осыған орай, тың тақырыпта баяндамалар жасап, заң ғылымының дамуына зор үлес қосты. Ол бірнеше ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде 304 зерттеу еңбектерін, 2 монография, 9 оқулық пен оқу құралын шығарғанын айтсақ, оның салаға қосқан маңдай терін аңғару қиын емес.

Оның жетекшілігімен диплом жұмыстары, магистрлік жұмыстар жазылуда және де 5 заң ғылымдарының кандидаты, 6B030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша 3 философия ғылымының докторы (PhD) сәтті қорғап шықты.

Серікқали Тыныбекұлы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша 5 медальмен марапатталған (03.12.2001 ж., 25.08.2005 ж., 17.01.2006 ж., 05.08.2015 ж., 30.08.2020 ж.). 2011 жылдың 8 желтоқсанында «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі берілген.

Танымал ғалымның ғылым биігіндегі табысы мұнымен шектелмек емес. 2012 жылы еліміздегі ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін жоғары оқу орталықтарының арасында өткен «Үздік оқытушы» атағының иегері атанды. Өмірінің жартысын білім беруге арнаған Серікқали ұстаз 2014 жылы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісін иемденді.

Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заңи көмек көрсету мәселелері бойынша ҚР-ның кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес келуін тексеру туралы», БАҚ-тың халықаралық стандарттар туралы ұлттық заңнаманың сәйкес келу мәселелерінің аясында ЕуроОдақ жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің қаулысы бойынша бірнеше рет сарапшы ретінде қатысты. Осыған орай, 2014 жылы «Конституциялық заңдылықты нығайтуға қосқан үлесі үшін» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің медалімен және «Адвокатураның дамуына қосқан үлесі үшін» Республикалық адвокаттар алқасының медалімен марапатталды.

С.Тыныбеков қала мен университеттің қоғамдық жұмысына да белсенді атсалысып келеді. 2002–2007 жылдары Алматы қаласының қалалық сайлау комиссиясының мүшесі болды. 2014 жылдан бастап Алматы қаласы бойынша адвокаттық қызметке үміткер тұлғаларды аттестаттау бойынша әділет органының аттестаттау комиссиясының мүшесі. Оның жұмысқа деген құштарлығы мен жауаптылығы бірнеше ондаған грамоталармен және медальдармен атап өтілді. Соның ішінде 2019 жылы «Ы.Алтынсарин» төсбелгісін және 2021 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің «Ерен еңбегі үшін» берілген медалінің орны ерекше.

Иә, зерделі ғалым, зерек жан, жүздеген шәкірттерінің ардақтысы, заң ғылымы саласындағы белгілі ғалым, оның дамуына бар болмысымен қызмет етіп келе жатқан ұстазымыздан тәлім алған шәкірттердің алдағы болашақта да жарқырап шыға келеріне сеніміміз зор. 35 жылдан аса уақыт ішінде ол ассистенттік қызметтен бастап, бүгінгі таңда профессор, заң ғылымдарының докторы, кафедра меңгерушісі қызметін абыроймен атқаруда. Бір сөзбен айтқанда, ол әрқашанда өмірін ғылым-білімге арнаған, студенттерге арнаған, қазақ жастарының өсіп-жетілуіне арнаған, бойынан тазалық пен адалдықтың лебі есетін, парасат биігіне көтерілген, болмыс-бітімі ерекше менің құрметті ұстазым болып қалады.

Ж. САПАРБЕКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық
құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек
құқығы кафедрасының аға оқытушысы

СОТТАН ТЫС БАНКРОТТЫҚТЫҢ САЛДАРЫ БАР

«ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң 2023 жылдың 3 наурызында күшіне енгені белгілі. Ол бойынша қазақстандықтар банкроттықтың үш түрін қолдана алады: соттан тыс банкроттық, сотпен банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.



Айжан КЕСЕБАЕВА,
Заңгер, «Әділдік жолы»
РҚБ Шымкент қаласындағы
филиалының басшысы

Соттан тыс банкроттық рәсімі бойынша борышкер арыз беруі үшін оның екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдарының алдындағы қарызы 1600 АЕК-тен аспауы тиіс. Сонымен қатар, мынадай талаптар ескерілуі тиіс: ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы, өтінім берген сәтке дейінгі соңғы 12 ай ішінде қарыздар бойынша төлем жасалмауы, соңғы жеті жылда соттан тыс банкроттық рәсімі жүргізілмеуі және борышкерге қатысты ҚР заңдарына сәйкес, банктік қарыз шарты және микрокредит беру туралы шарт бойынша, орындалмаған

міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі.

Соттан тыс банкроттыққа қарыз бойынша 5 жылдан астам уақыт бойы төлем жүргізбеген азаматтар арыз бере алады, оларға жоғарыда көрсетілген талаптар қолданылмайды.

Бір ескерте кететін жағдай, алты ай бойы атаулы әлеуметтік көмек алған адамға соңғы 12 ай ішінде төлем жасалмауы қажет деген талап қолданылмайды.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы тиісті құжаттар (арыз, қарыз сомасы көрсетілген кредиторлар тізімі, орындалмаған міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілгенін дәлелдейтін құжат көшірмесі) жіберілгеннен кейін 15 жұмыс күні ішінде бастартқаны туралы хабарлама келеді немесе бастартпаған жағдайда 6 ай ішінде банкроттық рәсімі жүргізіледі.

Банкроттық нәтижесінде жеке тұлғаға «банкрот» мәртебесі беріледі.

Соттан тыс банкроттыққа құжат тапсырарда көптеген азаматтарда «орындалмаған міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімдері» туралы сұрақтар туындауда.

«ҚР банктер және банк қызметі» заңына сәйкес несиені төлеу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қарыз алушы – жеке тұлға банкке немесе микроқаржы ұйымына өзінің банктік қарыз шартының талаптарына өзгеріс енгізу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы.

Борышкердің өтініші міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге және қаралуға жатады. Өтініште міндетті түрде қарызды төлей алмау себептері көрсетіле отырып, осы жағдайды дәлелдейтін құжаттар қоса тіркелуі тиіс. Яғни, өзінің қаржылық немесе әлеуметтік қиындыққа тап болғанын борышкер өзі дәлелдеуі, дәлел құжаттарды ұсынуы керек. Осындай дәлел құжаттарды ұсынбау арызды қараусыз қалдыруға себеп болуы мүмкін.

Борышкер барлық құжаттарды түгел тапсырған жағдайда кредитор арызды қарастырады. Ол сонымен қатар, борышкердің төлем қабілеттілігі, әлеуметтік-материалдық жағдайы, кепілге қойылған тұрғын үйдің жалғыз екендігі, қарыз бо-

йынша міндеттемелерін уақытылы орындауы сияқты факторларды да ескеруі тиіс. Нәтижесінде, 15 күнтізбелік күн ішінде жауап беріледі. Банк немесе микроқаржы ұйымы шартқа өзгеріс енгізу туралы борышкер ұсынған ұсыныстармен келісуі мүмкін немесе өз ұсыныстарын ұсынуы мүмкін немесе дәлелді себептерін көрсете отырып, өтінішті қанағаттандырудан бас тартуы мүмкін.

Борышкердің немесе кредитордың қарызды қайта құрылымдау туралы ұсыныстары мынадай болуы мүмкін: банктік қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту; шетел валютасымен берілген банктік қарыз бойынша негізгі борыштың қалдық сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгерту; негізгі борыш және сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыру; берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге; банктік қарыз шартының қолданылу мерзімін өзгерту; мерзімі өткен негізгі борышты және сыйақыны кешіру, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою.

Банктің немесе микроқаржы ұйымының арызда көрсетілген талаптардан бастарту туралы жауабы немесе борышкердің арызына жауап бермеген жағдайда, арыз көшірмесі немесе арыздың электрондық форматта жіберілгені туралы растама осы рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжаттар болып табылады.

Жеке тұлғаның өзін банкрот деп тануы «жеті рет өлшеп, бір рет кесілетін» мәселе. Себебі, банкроттықтың жеке тұлға үшін салдары жоқ емес: банкрот болып танылғаннан кейін бес жыл ішінде несие немесе микронесие берілмейді, кепіл, кепілгер бола алмайды (ломбардтан басқа), үш жыл бойы қаржылық жағдайына мониторинг жасалады және қайтадан банкрот ретінде жеті жыл өткен соң таныла алады.

ҰЖЫМДЫҚ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН РЕТТЕУДЕГІ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР



Бауыржан ТОҚБАЕВ,
Жаңаөзен қалалық сотының төрағасы

Соңғы уақытта ұжымдық еңбек даулары жиілеп, елімізде әлеуметтік шиеленістер туғызуда. Әрине, кез келген дауды ушықтырмай, мейлінше сотқа жеткізбей шешудің пайдасы орасан.

Жұмыскерлер еңбек кодексінде көзделген мерзімдер, рәсімдер мен талаптар ескерілмей, сақталмағандықтан ереуіл жариялау туралы шешім қабылдайды, ал жұмыс берушілер ереуілді заңсыз деп тану туралы талап қою арызымен тікелей сотқа жүгінеді.

Сонымен қатар, кейбір жұмыс берушілер ұжымдық еңбек дауларын сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамай, сотқа ереуілді заңсыз деп тану туралы арызымен жүгінеді, алайда сот ҚР Азаматтық процестік кодексінің 152-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сай талап қоюшы істердің осы санаты үшін заңда белгіленген немесе тараптардың шартында көзделген дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу тәртібін сақтамағандықтан талап қою арызы кері қайтарылады.

Еңбек кодексінің 164-бабының 1-бөлігіне сай, ұжымдық еңбек даулары мынадай реттілікпен шешіледі: жұмысберуші (жұмысберушілер бірлестігі, қауымдас­тығы, одағы дауды шешу мүмкін болмаған жағдайда – татуластыру комиссиясы, онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігі, ол реттемеген мәселелер бойынша – соттар қарайды.

«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 15 ақпандағы № 199-VII санды заңы

қабылданды. Алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Еңбек кодексінің 163-бабының 1-бөлігіне сәйкес, ұжымдық еңбек дауы еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша осы кодекстің 164-бабына сәйкес ресімделген жұмыскерлердің талаптары туралы жұмысберушіні хабардар еткен күннен бастап туындаған деп есептеледі. Жұмысберуші жұмыскерлердің қойған талаптарын – оларды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, жұмысберушілер бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) бес жұмыс күнінен кешіктірмей қарауға және оларды шешу үшін шаралар қабылдауға, ал көрсетілген мерзімде шешу мүмкін болмаған кезде, туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын жұмыскерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті.

Жұмыс беруші, жұмысберушілер бірлестігі жұмыскерлердің талаптар қою жөнінде жиналыс өткізуіне кедергі келтіретін қандай да болсын араласуға бармауға міндетті. Жұмыскерлер жиналысы, егер оған ұйым жұмыскерлерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп танылады. Конференция, егер оған хаттамалық шешімдерге сәйкес жұмыскерлер сайлаған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп танылады.

Еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мақсатында Еңбек кодексінің 164-бабының 2-тармақтың төртінші бөлігіне жұмыскерлер ұсынған талаптарды қатысушылардың жартысынан астамы қолдап дауыс берсе, олардың жиналысының (конференциясының) шешімі қабылданды деп есептеледі. Жұмыскерлер жиналысын (конференциясын) өткізу мүмкін болмаған кезде жұмыскерлердің өкілді органының өздері ұсынған талаптарын жұмыскерлердің үштен екісінің орнына жартысынан астамының қолдап қойған қолтаңбасын жинап,

өз шешімін бекітуге құқығы бар деп жазумен өзгеріс енгізіледі.

Дегенмен, жұмыскерлердің талаптары өзара жиналыста реттелмеген жағдайда алдымен дау келісім комиссиясының назарына ұсынылады. Яғни, келісу комиссиясы құрылу ұжымдық еңбек дауын сотқа дейін реттеудің міндетті сатысы болып табылады. Татуластыру комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің тең санынан тепе-теңдік негізде тараптардың бірлескен шешімімен құрылған орган болып табылады. Татуластыру комиссиясын құру туралы шешім жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестігі өз шешімін жұмыскерлердің назарына жеткізген не хабарламаған не ұжымдық келіссөздер барысында келіспеушіліктер хаттамасын жасаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданады. Ұйымда жұмыскерлердің бірнеше өкілдері болған кезде, олар комиссия жұмысына қатысу үшін бірыңғай өкілді орган құрады.

Татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, ал дауды шешу үшін еңбек төрелігі құрылады. Еңбек төрелігін ұжымдық еңбек дауының тараптары татуластыру комиссиясының жұмысы тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құрады.

2023 жылғы 18 сәуірден бастап ҚР Еңбек кодексіне өзгерістер енгізіледі, яғни, Еңбек кодексінің 166-бабына сәйкес еңбек төрелігін бес жұмыс күні орнына екі күн ішінде құрады. Еңбек төрелігі мүшелерінің саны, оның жұмыс беруші өкілдері мен жұмыскерлер өкілдерінің қатарынан дербес құрамы, еңбек дауын қарау тәртібі тараптардың келісімімен тепе-тең негізде айқындалады. Еңбек төрелігі кемінде бес адамнан тұруға тиіс. Еңбек төрелігінің құрамына мемлекеттік еңбек инспекторы, әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үшжақты комиссияның өкілдері кіреді. Әлеуметтік әріптестік тараптарының мүддесін білдіретін үшжақты комиссия мүшелері еңбек төрелігінің құрамына тепе-тең негізде кіреді. Еңбек төрелігінің шешімі ол құрылған күннен бастап бес жұмыс күні орнына жеті жұмыс



күнінен кешіктірілмей төрелік мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Сонымен қатар, Еңбек кодексінің 166-бабы 5-1-тармақпен толықтырылады, яғни, енді еңбек төрелігі ұжымдық еңбек дауын қараған кезеңде жұмыскерлер осы кодекстің 176-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сағаттық ескерту ереуілін бір рет өткізуі мүмкін, оған елуден аспайтын жұмыскер қатыса алады. Еңбек төрелігіне қатысатын жұмыскерлердің өкілдері сағаттық ескерту ереуіліне қатысатын жұмыскерлерге оның ұзақтығы бұзылған жағдайда заңдарда белгіленген жауаптылығы туралы ескертуге тиіс. Жұмыскерлер жұмыс берушіге сағаттық ескерту ереуілінің басталуы туралы жазбаша нысанда үш жұмыс күнінен кешіктірмей ескертуге тиісті.

Еңбек кодексінің 170-бабының 1-тармақшасы жаңа редакцияда көзделген, яғни, жұмыс беруші жұмыскерлердің осы кодекстің 164-бабының 3-тармағына сәйкес ресім-

делген талаптарын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұжымдық еңбек дауының туындағаны туралы, ол түпкілікті шешілгенге дейін ахуал туралы кейіннен апта сайын хабардар ете отырып, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органды хабардар етуге міндеттелген. Еңбек төрелігінің шешімі белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, тараптардың дауды шешуін сот тәртібімен жүзеге асыруға құқылы.

Осыған орай, ұжымдық еңбек даулары талап қоюшымен осы санатты істерді заңда белгіленген дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу тәртібін сақтау үшін, Еңбек кодексінде көзделген мерзімдер, рәсімдер мен талаптар тиісті орындалу үшін, ұжымдық еңбек даулары бойынша өндіріс ұжымдарымен сотқа дейін дауды шешу мақсатында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КОДЕКС СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРДЫ



Арай ЖАНАДИЛОВА,
Алматы облыстық мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
судьясы

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің атап айтар артықшылығы – азамат сотта өз талабының дұрыстығын дәлелдемейді. Мұнда дәлелдеу ауыртпалығын мемлекеттік орган көтереді. Әкімшілік істерде талап

Қазақстанның демократиялық қалыптасу жолындағы заңдық базасы мен құқықтық жүйесі халықаралық стандарттарға сай дамуда. Оның жарқын көрінісі ретінде елімізде әкімшілік әділет институтының қарқынды түрде дамып жатқанын айтуға болады. Қылмыстық, Азаматтық, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстер қатары жария-құқықтық дауларда қарапайым азаматтардың мүддесін қорғауға бағытталған ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен толықты.

қоюдың даулау, мәжбүрлеу, іс-әрекетті жасау және тану түрлері қарастырылған. Судьялар әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктеме, мәлімдеме, өтінішхаттар, олар ұсынған дәлелдермен, өзге де материалдармен шектеліп қалмайды. Соттар істің әділ шешілуі үшін маңызды мән-жайларды жан-жақты зерттейді.

Әкімшілік әділет институты сот шығындарын азайтуымен, сондай-ақ, шағымды жедел қарауымен құнды. Төменгі сатыдағы органдар қызметіне ведомстволық бақылаудың күшеюі өз кезегінде әкімшілік мекемелердің бірдей жағдайларда әртүрлі акті қабылдауына тосқауыл қояды.

Бұл мақаламызда аталған кодекстің 5-тарауына тоқталғымыз келіп отыр. Осы тарау-

мен айқындалғандай, әкімшілік процестің қатысушылары ретінде талап қоюшы, жауапкер, мүдделі тұлға, прокурор саналады. Әкімшілік сот ісінде өкілдік ету Азаматтық процестік кодекстің қағидаларымен жүргізіліп, процестік құқықтар мен міндеттер қабілеттілігі тең дәрежеде атқарылады.

Заңмен көзделген жағдайларда жария-құқықтық қатынастардан туындайтын әкімшілік істерде кәмілеттік жасқа жетпегендер, яғни, он төрт пен он сегіз жас аралығындағылар өз құқықтары мен заңды мүдделерін жеке қорғай алады. Сот олардың заңды өкілдерін осындай әкімшілік істерге қатыстыруға құқылы. Ал, он төртке толмағандар мен әрекетке қабілетсіз деп танылғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сотта заңды өкілдері, сондай-ақ, прокурор қорғайды.

Талап қоюшылардың соттағы құқықтарына келсек, олар іс материалдарымен танысып, көшірмесін түсіріп алуға, дәлелдемелер ұсынуға, сонымен қатар, оларды зерттеуге қатысуға, куәлар мен сарапшыларға, мамандарға, т.б. іске қатысушыларға сұрақтар қоя алады. Бұған қоса, ол аудармашының көмегін ақысыз пайдаланып, өкіл алуға, сот актілеріне шағымдануға, өз қарсылығын білдіруге, т.б. құқылы. Талап қоюшының өзге де құқықтары мен міндеттері осы кодекстің 28-бабымен нақтыланған. Мысалы, ол іс барысында тек қана шындықты айтуға, сондай-ақ, нақты фактілерді ұсынуға міндетті.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте талап қоюшымен қатар жауапкердің, мүдделі тұлғаның, прокурордың құқықтары мен міндеттері де бекітілген. Мәселен, жауапкердің талап қоюдың мәнін білуге және оған қарсы болуға, т.б. іс-әрекеттерге талап қоюшымен теңдей құқығы бар.

Осы кодекстің 29-бабында көрсетілгендей, талап қоюшы жауапкерді өзі таңдайды. Сот отырысына дайындық барысында арызда көрсетілген жауапкерге тиісті еместігі анықталса, судья талап қоюшыға оны ауыстыру туралы құқығын түсіндіреді. Егер талап қоюшы бұған келіссе, жауапкер ауысады. Аталған баптың 3-бөлігіне сай, жауапкер іс қаралмай тұрып ауыстырылады. Егер талап қоюшы келіспесе, сот жауап беруге тиісті емес тұлғаны екінші жауапкер ретінде тартады.

30-бапқа тоқталсақ, бірінші сатыдағы соттың шешімі құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қозғаған немесе қозғауы мүмкін мүдделі тұлғалар сот актісі қабылданғанға дейін іске талап қоюшы немесе жауапкер жақтан қатысады. Сондай-ақ, оларды сот өз бастамасымен немесе процеске қатысушылардың өтінішхатымен де процеске тарта алады. Мүдделі тұлғалар талап қоюшы мен жауапкердің талап қоюды өзгерту, кері қайтарып алу, тану, татуласу, медиациялық келісімге келуден басқа процестік құқықтарын пайдаланып, міндеттерін атқарады.

Ал, прокурорлар әкімшілік істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын қадағалайды. Сонымен қатар, прокурор өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында процеске қатысады. Бірақ, оның келмеуі әкімшілік іс бойынша сот талқылауына бөгет болмайды. Ел заңдарына сәйкес, прокурорлар денсаулық жағдайына байланысты құқықтары мен мүдделерін қорғай алмайтын адамдардың, сондай-ақ, қоғам мен мемлекеттің бұзылған құқықтарын қорғау үшін сотқа талап қоя алады. Алайда, олардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасауға құқығы жоқ.

Әкімшілік іске қатысатын өзге де адамдар, мысалы, куә, сарапшы, маман, аудармашы туралы нормалар, олардың құқықтары мен міндеттері 6-тарауда кеңінен қамтылған.

Қазіргі таңда соттар аталған кодекстің талаптарын халыққа кеңінен түсіндіруде. Осы ретте өңір судьялары сот орындаушыларының әрекеттері мен әрекетсіздігін даулау, салықтық даулар, жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу, татуластыру рәсімдерін қолдану, т.б. түрлі тақырыпта жергілікті атқарушы органдар, бизнес, прокуратура, өзге де мекемелермен бірлесіп, дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізуде. Осындай игі шаралар арқылы мемлекеттік аппарат пен азаматтар арасында туындаған дау-дамайда жұртшылыққа заң аясында көмек беруде.

Елімізде заң үстемдігін қамтамасыз ету, сол арқылы халық сеніміне ие болу мақсатында жүзеге асырылып жатқан жүйелі жұмыстар қазақстандық соттардың мақсаты айқын, бағыты анық екенін көрсетеді.

АТА-АНА ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАР ДА АЛИМЕНТ ТӨЛЕЙДІ

Халқымыз бала болашағына барлық уақытта үлкен жауапкершілікпен қараған. Бабаларымыздың тек өз отбасын емес, жалпы ұлттың қамын ойлап, жетімі мен жесіріне қамқор болуы осының жарқын көрінісі. Өкінішке қарай, бүгінде бұл қасиетімізден айырылып қалғандаймыз. Олай дейтініміз, елімізде отау құрған әрбір ерлі-зайыптының үшіншісі ажырасады. Сондай-ақ, ресми мәліметтер қазіргі таңда 17 жарым миллиард теңге көлемінде алимент төленбей жатқанын көрсетуде.

Неке бұзылған кезде ерлі-зайыптылар алимент мөлшері мен оны төлеу тәртібін өзара келісім немесе медиация арқылы белгілей алады. Мысалы, нотариус – алимент төлеу туралы, медиатор – дау-жанжалды реттеу туралы, адвокаттар мен заң консультанттары палатасының мүшелері – партисипативтік рәсім тәртібімен алимент төлеу туралы дауды реттеу келісімдерін жазбаша нысанда жасайды. Мұндай келісімдер болмаған кезде алимент сотпен өндіріледі.

Кәмелетке толмаған балаларға алынатын алименттің ай сайынғы мөлшеріне келсек, бір балаға – ата-анасы табысының төрттен бір бөлігі, екі балаға – үштен бір бөлігі, ал,



**Ажар ЖУМАЕВА,
Жеке сот орындаушы**

үш және одан да көп балаға тең жартысы өндіріледі. Бұл мөлшерлерді сот тараптардың материалдық, отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларын ескеріп, кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

Ата Заңда көрсетілгендей, «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті». Осы ортақ міндетті орындаудан жалтаратындар саны бүгінде 222

мыңға жуықтаса, оның 6 мыңнан астамы әйелдер екен. Сондықтан, бауыр еті баласынан безінгендерге алимент бала күтіміне байланысты өндірілетін қаржы екенін түсіндіргіміз келеді. Себебі, көбісінің санасында бұл қаржы баласы үшін емес ажырасқан жұбайы үшін алынатындай түсінік қалыптасқан.

Жұмыс барысында байқалатыны, борышкерлерге алиментті төлеуге, яғни, баласының өмірлік қажеттілігін өтеуге міндетті екенін жеткізген кезде көбісі әйелге деген өкпе-реніштерін білдіріп жатады. Біз мұндай адамдармен күнделікті жұмыс істейміз.

Ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушілік қандай жағдайда да балаға зиянын тигізбеуі тиіс. Әрбір ата-ана баланың материалдық тұрғыдағы қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, олардың тәлім-тәрбиесіне бірдей атсалысуға міндетті. Тағы бір айтып өтерлік жайт, алимент төлеуші жұмыс орындары немесе тұрғылықты жері ауысқан кезде бұл туралы алимент алушыға, сондай-ақ, сот орындаушысына хабар беруі керек.

Бала алдындағы жауапкершіліктен қашу ешкімге абырой әпермейді. Сондықтан, оны кімге болса да төлеу міндет. Алимент өндіру республика заңдарында көзделген тәртіппен жүргізіледі. Мәселен, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 168-бабында алимент төлеуге міндетті адамның мүлкінен өндіріп алу нормалары қарастырылған. Осы бапқа кеңірек тоқталып өтсек, алиментті өндіріп алу оны төлеу туралы келісімде немесе сот шешімінде белгіленген мөлшерде борышкердің табысынан өндіріледі. Оның табысы мен өзге де кірістері жетпеген жағдайда алимент төлеушінің заң бойынша өндіруге болатын кез келген мүлкінен алынады.

Алименттік төлемдерді жалақыдан немесе өзге де кірістерден қатарынан үш ай бойы өндіріп алу мүмкін болмаған кезде борышкердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алуға болмайтын мүлкінен басқа мүлкінен де өндіріледі. Атқару құжатының немесе Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің 158-бабымен көзделген алимент төлеу туралы келісімнің негізінде алимент ұстап қалу алиментті төлеуге міндетті адамның іздестірілуіне байланысты жүргізілмеген кезде аталған баптың 1-тармағында белгіленген мерзімге, сондай-ақ, алимент алушының кәмелетке толғанына қарамастан бүкіл кезең үшін алынады.

Осы кодекстің 139-бабына сай, кәмелеттік жасқа жетпегендерге төленетін алимент бойынша берешек мөлшерін сот орындаушы анықтайды. Сот орындаушы мұндай жағдайда алимент төлеушінің міндетін өтемеген кезеңдегі жалақысы мен өзге де кірісін негізге алады. Алимент төлеуге міндетті адам жұмыссыз болса немесе жалақысы мен өзге де кірісін растайтын құжаттар ұсынбаса, ай сайынғы берешек оны өндіріп алу кезіндегі орташа айлық жалақының мөлшерімен айқындалады.

Өмір болған соң түрлі оқиғаның орын алуы, адамның қиындықтарға тап болуы әбден мүмкін. Алайда, қандай жағдайда да баланың өзіне тиесілі қаржыға қолжеткізуі тиісті заңдармен жан-жақты қарастырылған. Мысалы, алимент төлеуші бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатса, соған байланысты жұмыссыз қалса алимент бойынша берешек бір айлық есептік көрсеткішпен есептеледі.

Ал, мүгедектігі бар борышкерлерден алимент бойынша берешек олар жұмыс істемейтін болса бюджет қаражатынан немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін ай сайынғы жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерден белгіленеді. Тіпті, ата-аналық құқығынан айырылғандар да алименттен босатылмайды. Алимент бойынша берешекті айқындаумен келіспегендер ел заңнамасында көзделген тәртіппен сот орындаушысының іс-әрекетіне шағымдануға құқылы.

Қазіргі таңда алимент өндіріп алу өте қиын әрі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Адами, сондай-ақ, заң тұрғысынан келгенде де баланы күтіп-бағу қаражаты ерікті түрде берілуі қажет. Өкінішке қарай, өз ұрпағынан безінген ата-аналарды ақылға келтіру оңай болмай отыр.

Алиментті уақытылы төлемегендер алимент алушыға кешіктірген әрбір күні үшін төленбеген соманың оннан бір пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлын төлейді. Сондай-ақ, оларға Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін кетуге рұқсат берілмейді.

Ел азаматтары тегіне, әлеуметтік жағдайына, нәсіліне, т.б. қарамастан заң мен сот алдында теңдей құқыққа ие. Сондықтан, олар заң талаптарын орындауға міндетті. Яғни, борышкерлер жұмыс істесе де, істемесе де баласының нәпақасын беруі тиіс.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ӘКІМШІЛІК ЖАЗАДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

Әкімшілік жауапкершілік қылмыстық, тәртіптік, азаматтық жауапкершіліктермен қатар құқықтық жауапкершіліктің бір түрі болып табылады. Олар өзіне қатысты өндіріс жүргізіліп отырған тұлғаға қатысты жауапкершіліктің негізін, түрін, сонымен қатар істі қарау тәртібін және оның орындалуын анықтайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаны әкімшілік жауапкершіліктен босату негізі, шарты және салдары бекітіледі.

ӘҚБтК-ің 62-бабына сәйкес, онда көзделген жағдайлардан басқа кезде, тұлға әкімшілік құқықбұзушылық жасалған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

Аталған бапта басқа да мерзімдер көрсетілген, осы мерзімдердің өтуіне байланысты әкімшілік жауапкершілікке тартылып отырған тұлға жауапкершіліктен босатуға жатады.

Егер құқық бұзушының әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған кезде қылмыстық іс тоқтатылған



Гульзия ХАМИТОВА,
Май аудандық сотының судьясы

жағдайда, тұлға оны тоқтату туралы шешім келіп түскен күннен бастап үш айдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Осыған байланысты сотқа әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер түскенде, судья 62-бапта көрсетілген мерзімдердің өткен өтпегендігін тексеруге міндетті.

Егер әкімшілік жауапкершілікке тар-

ту мерзімі өткен болса, 741-баптың 1-бөлігі 5-тармағына сәйкес, әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша өндіріс қысқартылуға жатады.

63-бапқа сәйкес, әкімшілік құқықбұзушылық жасаған адам әкімшілік жауаптылықтан немесе қолданылған әкімшілік жазадан рақымшылық жасау актісі негізінде, егер көрсетілген акт әкімшілік жаза қолдануды жоятын болса, босатылуы мүмкін. Рақымшылық жасау туралы актіні Республика Парламенті жекелей анықталмаған адамдар тобына қатысты шығарады.

64-бапта татуласу жәбірленуші мен әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға қол қойған жазбаша келісім негізінде жүзеге асырылады. 73, 73-1, 73-2, 73-3, 79 (бірінші бөлігінде), 146, 185, 186, 190 (бесінші және алтыншы бөліктерінде), 220, 229 (екінші бөлігінде)-баптарда көзделген әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер жәбірленушінің арызы бойынша ғана қозғалады және ол әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлғамен татуласқаннан кейін тоқтатылуға жатады.

1-1. Егер осы кодекстің 73, 73-1, 73-2 және 73-3-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш рет жасаған адамдар жәбірленушілермен, арыз иелерімен, оның ішінде медиация тәртібімен татуласа және келтірген зиянын жуып-шайса, сот оларды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Татуласу жәбірленуші мен әкімшілік құқықбұзушылық жасаған тұлға қол қойған жазбаша келісім негізінде жүзеге асырылады.

64-1-бапта құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болған кезде әкімшілік жауаптылықтан босату көзделген.

Жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген судья,

орган (лауазымды адам) ауызша ескертумен шектеле отырып, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Ескерту. Осы бапта көрсетілген негіз бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтан босату туралы мәселе шешілген кезде – әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың нақты мән-жайлары, оның ішінде құқық бұзушының жеке басы, сондай-ақ, қолсұғушылық объектісі, ал келтірілген зиян болған кезде оның мөлшері ескеріледі.

32-баптың 1-бөлігіне сәйкес, әскери қызметшілер мен әскери жиында жүрген әскери міндеттілер, осы кодекстің 651, 652, 667, 676, 677, 680, 681-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жарғылар бойынша жауаптылықта болады. Арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін тиісті органдарда қызмет өткеру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жауаптылықта болады.

32-баптың 3-бөлігінің талаптарында мерзімді әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілер мен әскери және арнайы оқу орындарының курсанттарына әкімшілік айыппұл түріндегі әкімшілік жаза қолданылмайды деп көрсетілген.

Әкімшілік жазаны қолдану құқығы берілген органдар (лауазымды адамдар) осы баптың бірінші және үшінші бөліктерінде аталған адамдарға әкімшілік жазалар қолдандудың орнына кінәлілерді тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті органдарға құқықбұзушылықтар туралы материалдарды беруге тиіс.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

АЛҚАБИЛЕР ҚАРАЙТЫН ІСТІҢ АРНАСЫ КЕҢЕЙДІ

Қоғамдағы тепе-теңдікті дәл ұстап, азаматтардың құқығы мен бостандығын сақтауда құқықтық жауаптылықтың орны ерекше. Әрине, құқықбұзушылық болған жерде оның жауаптылығы да болуы керек. Ал қылмыстық жазаны белгілеген кезде заң мен арды



қатаң ұстап, ішкі түйсікке, қылмыс жасаушының әрекетін жан-жақты сараптауға барынша назар аудару маңызды. «Жамандықты жазаламаған адам оның жасалуына жәрдемдеседі» деген екен Леонардо да Винчи. Демек, қылмыс үшін жаза тағайындау әр адамның сот процесіндегі ең күрделі, маңызды және негізгі міндеті.

Елімізде азаматтардың құқын заң аясында әділ қорғау үшін шынайы сот төрелігін жүзеге асыруға барлық жағдай жасалған. Оның үстіне, ел дамуындағы экономикалық, демократиялық жетістіктер мен өскелең заман талабы сот төрелігін жүргізуде тың үлгілерге жол ашты. Жаңа реформалар, жетістіктер, тәжірибелер мен талаптар уақыт өткен сайын жаңартылып келеді. Сот төрелігіндегі кейінгі енгізілген реформалардың бірі

– алқабилер сотын қағидатты қадам деуге болады. Алқабилер сотында арнайы іріктелген адамдар істің нақты мән-жайларын бағалап, шешім шығарады. Азаматтық қоғам мен мемлекет үшін бұл институттың құндылығы зор.

Алқабилердің қатысуымен өткен сот процестеріне шолу жасасақ, құзырлы органдар жүргізген тиісті тексеруден кейін әрбір алқаби мүшесі сот басталар алдында ант қабыл-

дайды. Олар өздерінің ішкі нанымы бойынша шешім шығарады. Сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге, сотқа қатысушыларға судья арқылы сұрақтар қоюға, сот отырысында істің жария етілген мазмұнымен танысып, түсініксіз мәселелер бойынша сауалдар беруге құқылы. Сот ісінде жариялылыққа, тәуелсіздікке қол жеткізу бағытында дүниеге келген алқабилер институтының ең басты ерекшелігі олар кеңесу бөлмесінде бірқатар маңызды мәселеге айрықша назар аударады: әрекеттің орын алғаны нақты дәлелденді ме, бұл әрекетті сотталушының жасағаны расталды ма және бұған сотталушы кінәлі ме? Міне, осы сауалдар арқылы сотталушының кінәлілік дәрежесі анықталып, соған сәйкес айыптап соттауға немесе жауаптан босатуға шешім қабылданады.

Алқабилер сотында сот тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы, тараптардың теңдігі және жарыспалылық қағидаты сақтала отырып, ар-ождан таразысы арқылы адамдардың тағдыры шешіледі. 2007–2009 жылдар аралығында алқабилер өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын аса ауыр қылмыстық істерді қарады. Сол кезде алқабилердің қарауымен елімізде 50 іс таразыланған. Ал, 2010–2012 жылдар аралығында алқабилер қарайтын істер санаты кеңейіп, нәтижесінде он есеге өсті.

2023 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енген 2019 жылғы 27 желтоқсандағы заң аясында алқабилер соты қарайтын істер тағы 16 құрамға көбейтілді. Осы ретте келесі жылы орын алатын өзгерістерді де атап өткен жөн. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев былтырғы жолдауында сот жүйесін демократияландыру және оған қоғамның сенімін арттыру мақсатында арнайы бірқатар тапсырма берген болатын. Соған сәйкес, Жоғарғы Сот «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сотта алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» заң жобасын әзірлеп, ол желтоқсанда қабылданды. 2024 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін бұл заңда, тек аса ауыр қылмыстар ғана емес, тағы 13 ауыр қылмыс құрамы алқабилердің қарауына өтпек. Сөйтіп биылдан бастап қылмыстың 35 құрамы,

келер жылдан бастап 44 құрамы бір судья және он алқабидің құрамымен қаралуы мүмкін. Оның ішінде адамның дене мүшелерін заңсыз алу, азаптау, рейдерлік әрекет, медициналық қызметкердің әрекетінен абайсызда екі не одан да көп адамның өліміне әкеліп соқтыру, ауыр салдарға әкелген балықпен басқа да су жануарларын заңсыз аулау, ауыр салдарға әкелген заңсыз аң аулау, көлік құралын басқарғанда абайсызда екі немесе одан көп адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы, көлік құралын мас күйде басқарып, екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы, көлік құралын басқару құқығынан айырылған жағдайда және мас күйде көлік басқарғанда адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы сияқты істер де қаралатын болады.

«Алқабилер туралы» заңға сәйкес, алқабиге кандидаттар тізімін жергілікті атқарушы органдар қалыптастырады. Енді 2023 жылғы 1 шілдеден бастап алқабилер тізімін бірыңғай дерекқорға енгізуге қатысты ереже күшіне енеді. Мұнда кандидаттар тізімін автоматтандыруға бағытталған өзгерістер қарастырылған. Бұл алқабилерді жедел әрі объективті іріктеуге бірден бір септігін тигізіп, соттардың бұл бағыттағы жұмысын ілгерілетеді деп күтеміз.

Алқабилер қарайтын істер санатын кезең-кезеңімен ұлғайту – сот реформасына, сот жүйесін демократияландыруға, жалпы сот жүйесіне деген сенімді арттыруға бағытталған.

Қорыта айтқанда, алқабилер институтын одан әрі дамыту, алқабилерге кандидаттарды сотқа дейін іріктеу, кандидаттар тізімін сапалы жасақтау, сондай-ақ, хабарландыру жүйесіне, тұрғындармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге барынша көп көңіл бөлініп отыр. Алқабилер қоғамның сотқа деген сенімін едәуір арттырады: азаматтар сот істерін халық өкілдері қарайтынын білсе, үкім заңның қатып қалған нормаларына емес, моральдық нормаларға, адамгершілік құндылықтарға жақынырақ болатынына сенеді.

Азат ИЗБАСАРОВ,
Батыс Қазақстан облыстық сотының
алқа төрағасы

ТАРАПТАР МЕДИАТИВТІ КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Дауды медиация және партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу сотта және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.



А.ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
бас маманы

Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім мәжбүрлеу тәртібімен орындаушылық талаптарға сай келуге және тараптарды татуластыратын шарттарды, сондай-ақ, сот шығыстарын, оның ішінде

өкілдер көрсеткен қызметке ақы төлеуге арналған шығыстарды бөлу тәртібін қамтуға тиіс.

Сот тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу жөніндегі келісімді бекіту туралы өтінішхатын сот отырысында немесе алдын ала тыңдауда қарайды.

Татуласу, медиацця немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу жайлы келісімді бекіту туралы өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша сот осындай келісімді бекіту не одан бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Сот тараптардың татуласу, медиацця немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісiмiн бекіткен кезде сот талап қоюды толығымен немесе тиісті бір бөлігінде қайтару туралы ұйғарым шығарады.

Ерікті түрде орындалмаған татуласу, медиацця немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім сот келісім жасаған адамның өтінішхаты бойынша берілетін атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады. Сот тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, оларға дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Сот татуласу, медиацця немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді, егер оның шарттары заңға қайшы келетін болса немесе басқа да адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын болса, бекітпейді.

Егер тараптар татуласу, медиацця немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісімнің шарттарын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі. Бірінші сатыдағы сотта медиацця жүргізу үшін әкімшілік іс медиацця туралы келісімді бекітетін басқа судьяға беріледі. Тараптардың өтінішхаты бойынша медиаццяны әкімшілік іс өзінің іс жүргізуіндегі судья жүргізуі мүмкін. Медиацця жүргізетін судья медиацця жүргізілетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Егер басқа адамдардың қатысуы дау-жанжалды реттеуге ықпал ететін болса, сот оларды медиаццяға шақыруға құқылы. Медиацця жүргізу хаттамасы сотта жүргізілмейді.

Ақтөбе облысының мамандандырылған

ауданаралық әкімшілік сотында татуластыру рәсімі үнемі жүргізіліп, нәтижесінде тараптар медиативтік келісімге келіп отырады. Сот тәжірибесінен мысал келтіретін болсақ, мәселен, татуластыру рәсімінің нәтижесінде мұрағат қызметкерлерінің жалақысына 25 пайыз мөлшерінде үстемеақы қайтарылды. Олай дейтініміз, 2017 жылдың қаңтар айынан бастап Ақтөбе облысы әкімдігінің 12.12.2016 жылғы №513 қаулысына өзгерістер енгізгеніне байланысты 25 пайыз мөлшерінде лауазымдық айлықақысына үстемеақы төлеуді тоқтатқанына сілтеме жасай отырып, ауылдық жерде жұмыс істейтін мұрағат қызметкерлері мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне дау айту туралы әкімшілік талаппен сотқа жүгінді.

Мемлекеттік органдар өз кезегінде, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі жергілікті атқарушы органның қаулысымен айқындалғанын, ал, мұрағат қызметкерлері мәдениет қызметкерлері болып табылмайтынын басшылыққа алып, оларға үстемеақы төлеуден бас тартқан.

Тізбеге осы қызметкерлерді енгізу үшін Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына өзгерістер енгізу қажет екенін көрсеткен. Сот тарапынан татуластыру рәсімі жүргізілді, нәтижесінде тараптар медиативтік келісімге келді, оның шарттары бойынша мемлекеттік орган есеп айырысудың бюджеттік өтінімін қалыптастыру және соңғы үш жылда ауылдық жерде тұратын облыс мұрағаты қызметкерлерінің жалақысына 25% үстемеақы төлеу бойынша облыстық бюджеттен қаражат бөлу жөнінде міндеттемелер алды, осылайша, талап қоюшылардың құқықтары қалпына келтірілді. Демек, заңда көзделген татуластыру рәсімдері оң нәтижесін беруде.

НЕКЕ ШАРТЫ – ОТБАСЫН САҚТАЙДЫ

Отбасы – теңдессіз құндылық. Некенің мықты болуы мемлекет үшін де, келешек ұрпақ үшін де орасан зор мәнге ие. Десек те, некедегі дау-дамай, тартыс-талас, келеңсіздіктер – біздің еліміздегі ғана емес, әлемдік деңгейдегі өзекті мәселе.



Атап айтар болсақ, олардың қатарына – неке шарты бойынша ерлі-зайыптылардың өзара жауапкершілігі, шарттың құқықтық реттелуі, олардың еңбек өтілінен түскен табыстары, зейнетақы, жәрдемақы, арнайы мақсаты жоқ басқа да табыстар, жекеменшіктегі мүлкінің заңдық режимінен бастап, неке шартын өзгерту және бұзуға дейінгі мәселелер кіреді. Бұл – әлем елдерін толғандыратын тақырып болғандықтан, өзге шет мемлекеттердің неке шартындағы теориялық және практикалық деректерді келтіргеніміз жөн.

Жалпы, неке шартын жасаудың маңызына тұрғындардың көпшілігі мән бермейді. Бұл құқықтық тетік кейінгі кезде ғана кеңінен тарала бастады. Неке және отбасы туралы кодекстің 39-бабында неке шарты туралы айтылған. Мұнда неке шарты – некеге отыратын, некесі бұзылған немесе некедегі ерлі-зайыптылардың құқықтық міндеттерін растайтын келісім екендігі жазылған.

Дегенмен де, шарт екеуара еріктілікте

құрылады. Бұл құжатты ерлі-зайыптылар жасаса да, жасамаса да болады. Негізі, Кеңес үкіметі құлаған соң, ТМД елдері неке шартын қайта қарай бастады, солай жасау керек болды. Ал біздің еліміздегі алғашқы жұмыстар 1993 жылдан басталды. 1998 жылы «Неке және отбасы туралы» заңнама толығымен Қазақ ССР заңын алмастырды.

Неке шарты туралы мұсылман қауымы, соның ішінде ханафи мазһабы, дәстүрлі неке шартын жалғастырып келе жатыр. Оған бүгінде бұрынғыға қарағанда кең тарай бастаған «мәхр» түсінігін мысал ретінде айтып өтсек болады. Некеге тұрғанда күйеуі әйеліне қандай да бір мүлік беру керек. Оның не зат екені сол неке шартында қалыңдықтың қалауымен анықталады. Неке бұзылғанда, ажырасқанда, әйел жесір қалған жағдайда ол мүлік әйелде қала береді. Бұл шарт мұсылман елдерінің біразына ортақ. Көне заманда әйелдің жесір қалуы, асыраушысыз қалуы жиі кездескендіктен мұндай тетіктің қаншалықты тиімді болатынын

түсіндіру артық. Ал бүгінгі ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік үлестерді анықтауда арнайы заңдарды бағдар еткен дұрыс. Онда да жазбаша түрде, келісімді нотариустың көмегімен рәсімдеген орынды.

Шет мемлекеттерден АҚШ-тағы неке шартын құрастырудағы қызық деректі байқаймыз. Әрине, біз үшін қызық көрінеді, дегенмен, олар әрбір ұсақ-түйекке мән береді екен. Мәселен, «бір тәулікте бір-бірімен кем дегенде жарты сағат сөйлесу керек» деген шарт кездеседі. Күлкілі көрінгенімен, бұл шарт ашық коммуникацияға, дау-дамайдың алдын алуға, ерлі-зайыптылардың өзара түсіністігіне жол ашады деп білемін.

Ал Үндістанда неке шарты жасалмайды. Себебі, неке әрбір адамда бір рет қана болу керек деген түсінікті қатаң ұстанады. Соңғы уақыттарда, Үндістанның өзінде ажырасу дерегінің біртіндеп өсіп келе жатқанын ескерсек, бұл заңды тиімсіз деп тануға тура келеді.

Енді еліміздегі жағдайға көз жүгіртейік. Неке шартын неліктен тиімді деп тани аламыз? Нақты мысал келтіріп көрейік.

Досжан мен Айжан үйленді делік. Екеуі де мемлекеттік қызметкер. Тұрмыстық қажеттілікке байланысты Айжан несиеге ортақ мүліктер сатып алды. Несие сомасы Айжанның шотынан алынады. Түсініспеушілік салдарынан ажырасу орын алып, нәтижесінде несие Айжанның банктік шотынан алынатын болып қала береді. Бұл жағдайда Айжан қаржылық зардап шегіп, құқығы қорғалмай қалады. Ал ортақ мүлік ретінде алынған тауарды бөлісу де дау тудырады. Міне, неке шартының тиімділігі осында!

Біріншіден, ортақ меншік құқықтарын реттейді.

Екіншіден, жақсы қарым-қатынастың басым болуына сеп болады. Көптеген отбасылық кикілжіңді неке шарты оп-оңай заңмен шешіп береді.

Үшіншіден, сапалы неке – сапалы болашақ. Неке шарты отбасындағы кикілжіңдердің алдын алатынын, бір мәмілеге келуге үндейтінін ескерсек, отбасындағы акцент дұрыс тәрбиеге негізделер еді. Яғни, балалардың психологиялық-эмоциялық жағдайына зақым келмей, дұрыс ұрпақ қалыптасады.

Осындайда «Неке шартына қазақстандықтардың көбінің бей-жай қарайтынының

себебі неде?» деген заңды сауал туындайды. Оның себебін азаматтардың әлі кеңестік ойлау жүйесінен арылмауымен немесе екінші жұпқа жағымсыз ой қалдырмау ниетімен байланыстыруға болады. Сондай-ақ, алып-ұшқан сезімнің де неке қиюға дейін, отбасылық кикілжіңдерді ойламаумен немесе ойлағысы келмеумен ұштасатынын топшылаймыз.

Неке шартын жасасу ажырасу ниетіндегі ой секілді көрінуі мүмкін. Ал шын мәнінде, неке шарты – ажыраспаудың кепілі. Конституция жоқ кезде де, ежелде қазақ ақсақалдардың көмегімен (қалыңмал мәселесі, ажырасқан кездегі қалыңмалды қайтару мәселелері, т.б.) шарт жасасқаны дәлел. Бүгінгі заманда заңды білу, заңды құжаттарды дайындау, мүліктің, байлықтың ортақ екенін ұғыну ажырасудың алдын алады деп айта аламыз.

Қорыта айтар болсақ, неке шарты – кикілжіңсіз отбасының кепілі.

Елімізде неке шартын жасатуға, тіпті, неке шартының не екенін айтып түсіндіру жұмыстарын жасау қажет.

Насихаттау жұмыстары жүргізілген күннің өзінде, елімізде отбасының берік боларына сеніп, бас тартатын жағдай болары анық. Ал болашақта не күтіп тұрғанын білмейтін адамдарға оқыс оқиғалардың орын алатынын түсіну үшін, шынымен де, ойлау жүйемізге серпіліс қажет. Қажет болса, психологтардың, заңгерлердің көмегін барынша қолжетімді ету қажет. Телебағдарламалар мен ток-шоудағы түсірілімдердің тең жартысы отбасылық кикілжіңдер, сарапшы заңгерлер арқылы неке шартын жасасудың нақты қадамдарын жалпақ жұртқа кеңінен атап өту керек.

Неке қию орындарында және некесі қиылған ерлі-зайыптылардың өздеріне де неке шартын жасау тиімділігін түсіндіре отырып ұсыныс жасау. Әрине, соңғы ұсынысты іске асыру үшін алдымен, халыққа бірінші және екінші айтылған ұсынысты жеткізу қажет. Сонда сауатты және бақытты отбасылар мекендеген мықты мемлекет құрылады деп сенеміз.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,
Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық
өнер академиясының 3-курс студенті**

БІЛІКТІ АУДАРМАШЫЛАР ЖЕТІСПЕЙДІ



Сенаттың жалпы отырыстарының бірінде Н.Жүсіп пен А.Қапбарова саяси, мәдени, экономикалық жиындардың жұмыс тіліндегі ілеспе аудармашылар мәселесін қозғап, Премьер-Министрдің атына депутаттық сауал жолдады.

Сенаторлардың айтуынша, тілдің мемлекеттік мәртебесін көрсететін айрықша белгі – оның саяси, мәдени, экономикалық жиындарының жұмыс тілі болуы. Мұндай жиындарда әр тілде сөйлейтін халық өкілдерінің түсінісуі, өзекті мәселелерді шешу

үшін келіссөздер жүргізіп, уағдаластықтарға қол жеткізу ісінде ілеспе аудармашылар негізгі рөл атқарады. Бұл – әлемде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан үрдіс. Ілеспе аударма – ауызша аударманың ең күрделі түрі. Бұл жұмыстың өзіне тән ерекшелігі, қиындығы,

адам организміне физикалық және психологиялық тұрғыдан түсіретін ауыр жүктемесі де бар. Сондықтан бұл сала маманы болу арнайы даярлауды, практикалық жағынан дағдыланып, тәжірибе жинақтауды қажет етеді. Осыны ескеріп, 2016–2018 жылдар аралығында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті ілеспе аудармашыларды дайындау курстарын өткізіп келген екен. Соңғы 5 жылда жоспардан алынып тасталған. Соның салдарынан, орыс тілінен қазақ тіліне және қазақ тілінен орыс тіліне аударатын ілеспе аудармашыларға деген қажеттілік қазіргі кезде күн сайын артып келеді. Шет тілдерден мемлекеттік тілге тікелей аударатын мамандар да аз. Елімізде тікелей ілеспе аудармашыларды дайындайтын оқу орны жоқ. Абылайхан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде ілеспе аударма маманы ағылшын-орыс, орыс-ағылшын тілі бағытында дайындалады.

– Кәсіби ілеспе аудармашылар шоғырланған деп саналатын ҚР Парламентінің палаталарында мұндай аударма жұмыстарын заңдарды редакциялаумен айналысатын бөлімдердің мамандары қамтамасыз етеді. Алайда, соңғы кездері бұл бөлімдердің өзінде білікті маман тапшылығы сезілуде. Өйткені, Парламенттің қызметін қамтамасыз ету үшін әрі заң тілін білетін, нормативтік құжаттарды аударуға бейімі бар, әрі ілеспе аударманы жүзеге асыратын мамандар қажет, – деді депутаттық сауалдың бастамашысы болған Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп. Сол себепті комитет мүшесі Айгүл Қапбаровамен бірге Әлихан Асханұлынан мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге зор ықпал ететін ілеспе аударма мамандарын дайындауға қатысты 3 ұсыныс жасап отыр. Біріншісі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитетіне ілеспе аудармашыларды дайындау курстарын өткізу ісін жедел қолға алуға тапсырма беру.

Екіншісі, мемлекеттік органдардың орталық аппараттарындағы заң тілін жетік

меңгерген, ілеспе аударманы жүзеге асыруға бейімі бар мамандар үшін курстар ұйымдастыру, оларды ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Парламент палаталарының кадр жұмысы бөлімдері арқылы резервке қою. Үшіншісі, мемлекеттік органдардың орталық аппараттарында қызмет істейтін, ілеспе аударма жасауға және заң шығару ісінің аударма жұмысына бейімі бар аудармашы мамандардың Парламент палаталарының аппараттарында тағылымдамадан өту мүмкіндігін қарастыру.

Бұған дейін VII сайланған Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Мақпал Тәжмағамбетованың бастамасымен 2022 жылғы 5 қаңтарда жарияланған Премьер-Министрдің орынбасары Е.Тоғжановқа «Болашақ» бағдарламасы арқылы кәсіби аударма мамандарын даярлау туралы депутаттық сауал жолданған еді. «Өткен Кеңесте Юсупов, Бекболат Әдетов бастаған көркем аударманың көкжиегі бүгінде тарылып тұр. Қазіргі көркем аударма жөнінде сөз қозғау үшін, ең алдымен түпнұсқадан аудару туралы ойланған дұрыс. Бұл ретте шетелдік әдебиет болсын, қазақ әдебиеті болсын негізінен бір ғана тілден аударылады. Ол көркем туындының сапасын көтермейді. Мұндағы негізгі мәселе – өзге тілдерден тікелей аударатын мамандардың жетіспеуі. Негізінен аударма жасау үшін, тек тілді ғана меңгеру жеткіліксіз, көркем әдебиеттің көкжиегін кеңітер талантты қаламгерлерді оқыту арқылы әдебиеттің кең тынысын ашуымыз керек.

Елімізде тіл-әдебиет факультеттерінде оқитын студенттерге бүгінгі күн талабына сай білім бере алатын оқытушылар жоқтың қасы. Себебі, олардың өзі әлемдік үздік оқу орындарында білім алмаған. Осы орайда «Болашақ» бағдарламасы аясында біз қаламгер жастардың басқа да тілдерді жетік меңгеріп, аударма саласына жұмыс істеуіне мүмкіндік беруіміз қажет» деген Мақпал Мазаққызын Мәжілістегі әріптесі Қазыбек Иса да қолдаған. Оларға Ералы Лұқпанұлы: «бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің бақылауында» деп жауап берген

еді. Алайда, оның нәтижесі әлі көңіл көншітпейді. Өйткені, қоғам белсенділері мен депутаттар мәселе айтудан ешқашан кенде болған емес. Оны 2014 жылы депутат Алдан Смайылдың ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевқа жолдаған сауалында «Шығармалары халықаралық беделді тілдерге аударылған қазақ қаламгерлері саусақпен санарлық. Оның өзінде сол туындылардың тәржімасы тамаша деп ешкім айта алмайды. Өйткені, бізде ағылшын, испан, француз, неміс, қытай секілді өтімді тілдерде көркем аударма жасайтын кәсіби аудармашылар болған емес, қазір де жоқ. Оларды даярлауға ынталы болып отырған мемлекеттік құрылымдарды да таба алмайсыз. Бұған осы мәселені Еуразия Ұлттық университетіндегі немесе әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі филология факультетінен көркем аударма бөлімін ашу туралы Үкіметке жолдаған ұсынысымыздың әлі күнге орындалмай келе жатқаны дәлел» деген. Ал одан 2 жыл бұрын 2012 жылдың 16 ақпанында Премьер-Министрге жолдаған депутаттық сауалында: «Әлем әдебиетінің жүз классикалық туындысын қазақ тіліне аударғанда, төл туындыларымызды әлем тілдерінде сөйлетпеуіміз қалай?

Егер ғалам өркениетінің алдында ұтылсақ, нақ осы салада, әдебиет саласында ұтылып отырмыз. Ұтылуымызға қазақ көркем сөзін жаһанның көп тараған тілдеріне түпнұсқадан тәржімалай алатын кәсіпқой аудармашылардың жоқтығы, оларды даяр-

лауға мемлекеттің мән бермей келгені себеп болуда. Біз, төртінші шақырылымның депутаттары, осы маңызды рухани мәселені көтердік. Ұсыныс-талабымыз жарым-жартылай орындалды. Еуразия Ұлттық университетінде аудармашылар бөлімі ашылды. Алайда онда ілеспе аударма жасаушылар мен іс-қағаздарын аударатындар әзірленеді.

Біздің талабымыз – осы университетте немесе Алматыдағы әл-Фараби атындағы университетте әлем сөйлейтін ағылшын, испан, сонымен бірге қытай, жапон тілдерін үйретіп, тәржіма кәсібі бойынша білім беретін арнаулы бөлім ашу. Оған талантты жас ақын-жазушылар қабылдануы керек. Себебі, көркем сөз туындысын суреткерлік қабілет туа біткендер ғана мөлдіретіп аударалады.

Аудармашы – өркениеттерді табыстырып, мәдениеттерді бауырластыратын от тілді, орақ ауызды елші. Ұлы Абай аударма арқылы Пушкин мен Гетені Алаштың ақынына айналдырды. Әлемге құшақты жайып тастап, өнерімізбен талпынатын, дарындарымызды ғаламның сүлейлеріне айналдыратын кезіміз жетті. Қазақ әдебиетінің, жаһандағы бай әдебиеттің, мыңдаған жылдық тарихы бар әдебиеттің атынан талап етеміз: Абай, Мағжан, Қасым, Мұқағали, Қадырлар арқылы қазақты әлем құрметтесін десек, көркем аудармашылар даярлауды кешіктірмей қолға алайық. Алайда аударма мен аудармашы мәселесі әлі қордаланып тұрғанын сенатор Н.Жүсіптің сауалынан байқауға болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ

ЕЛІН СҮЙГЕН АДАМ ТІЛІН ДЕ БІЛУГЕ ТИІС



Өз құқығыңды игере білу жай ғана құқықты білу деген сөз емес. Ол үшін ең бірінші ынтаны ояту маңызды. Құқықты игеру арқылы адамның сезімдік, қиялдық және мәдени, шаруашылық ұмтылыстары да айқындалған қажеттілікке айналады. Құқықты тани білу – ол өмір сырларын – мөлшерге, өмір сүру көріністерін – өлшемге түсіре алатын күшке иелік ету.

Өз елінің заңдарын білмейтін адам, құқықтан тыс қалып, ол елде бар құқықтардың тек бір үзігінің ғана қызығын көреді. Өз құқығын білмеген адам, оларды қалай сақтауды да білмейді. Сондықтан ондай адам әртүрлі бопсалауға, тонаушыларға да қарсы тұра алмайды. Өз құқығыңды білмеу күштінің күрмеуіне түсіп, біреудің алдында әлсіздікке әкеліп тірейді. Тіпті, өз құқығыңды білмеу заң аясында құқықпен өмір сүре білуді де жоққа шығарады.

Өз құқығын білуші заңды талабын қоя білетін адамдар қатарына кіреді. Себебі, құқықтың тілі сана тілінде сөйлейді және саналы жандарға жүгінеді. Адамдарға не нәрсеге тыйым салынатындығын саналы түрде білдіру мақсатында заңмен бар нәрсені не бекітеді, не терістейді және адамға жүктелетін міндеттерді айқындайды.

Құқықтың рұқсатын алған, міндетін жүктеген немесе тыйымына түскен адам – ол сол құқықтың субъектісі болып табылады. Құқықтың болмысы – оның ең терең табиғаты саналы жандармен жасалып, саналы жандарға арналатындығында, белгілі объектілермен істеліп ойланатын субъектілер үшін жаратылғандығында. Адам өз құқығының субъектісі болмағанша, ешқандай жақсылық болмайды. Ешқандай жаны жоқ зат, жәндік немесе жануар құқықтың субъектісі бола алмайды, себебі құқық білімге деген икемділікті, сананы және өзін-өзі басқара алуды қажет етеді.

Өмір заңы солай, кейбіреу дұрыс заңның өзін жасырмақшы болады. Мысалы, тарихта аты қалған Дионисий өз заңдарының мәтінін ешкім оқи алмайтын биіктікке іліп қояды екен. Мұндайда, ең жоқ дегенде, халыққа шындықты тауып берем деп оны алдап күн көретін пайдакүнемдер көбейіп, ақты қара қылып, қараны ақ қылып көрсететіндер қаптайды. Сөйтіп құқықты санамен қабылдай алмайтындардың саны арта түседі, халық қараяды, даму әлсірейді. Яғни, әр адам құқықтың толық субъектісі болуға тырысуы тиіс. Сонымен бірге, құқықты білу нысанды болуы қажет, сонда ғана ондай білім биік бола алады.

Нысанды дегеніміз – ол құқықтың мазмұнды болуы. Яғни, заң жасаушы оны алдын ала ойластырып, сөзі мен сөйлемін дұрыс қиюластырып, мағынасын дәл анықтап, қалдықсыз түсінікті қылып сомдауы тиіс. Құқықтың осындай нысанды мазмұны норма түрінде жасалады. Норма дегеніміз – ол сөзбен айтуға ыңғайлы, белгілі бір тәртіпке жетуді көздейтін заңи мәні бар ұстаным. Ал, құқықтық норма дегеніміз – ол жай ғана сөйлем емес, ол грамматикалық сөйлемнің әр сөзінің артында ерекше мазмұнға толы өзіне тән логикалық түсінігі бар тәртіп ережесі.

Құқықтық норма ылғи өз бойына екі түсінікті сіңіре сомдалады: олардың бірі – құптайтын характертер мен тыйым салынған әрекеттерді құраса, екіншісі, осылармен ретке келтірілетін адами субъектінің жүріс-тұрысы. Осыдан барып құқықты нысанды логикалық және нормативтік жолдармен қарастыру қажеттілігі туындайды. Құқықтық норманы нысанды логикалық түрде оқып зерттеу дегеніміз әр норманы логикалық тезис және жүріс-тұрыс ережесі ретінде өзін дәл және тең ұғынуға арналған нысанды мазмұнмен реттеу деген сөз. Екі түсінікті байланыстыратын тезис болғандықтан, құқықтық норма логика саласындағы теңдік және қарама-қарсылық заңдарына бағына отырып құрастырылуы тиіс. Яғни, нормада берілген әр түсініктің тектік және түрлік мағыналары сақталып, ұғынықты жазылуы тиіс, еш нәрсеге өз-өзінен солай екен ғой деушілікке мүлде орын берілмеуі керек. Демек, әр түсінікті белгілейтін сипаттардың дәлдігін үнемі мұқият тексеріп отыру қажет. Сонда ғана елде құқықты тану мен құқықты жасау және құқықтық сана деңгейлері биіктемек.

Заңдардың әр тұсын тексеріп, олардың терминологиясының солқылдақтығын, мысалы, бір түсініктің бірнеше мәнге ие болуын, оларда келтірілген ойлардың былқылдақтығын, мысалы көп атаудың мәні бір болып шығатындығын, мазмұнының айқындалмағандығын әшкерелей

отырып, заңи түсініктердің ғылыми классификациясын айыра білуге қол жеткізу – міне, ең негізгі мәселе осында.

Адамдардың өз құқықтық ережелерін логикалық тезистерге айналдырып жазып отыруы – сөз ұшып кетеді, ал жазу сақталады деген түсініктен ғана емес, ол ережелерді қайталап қолдану, оларды кеңінен тарату қажеттілігінен туындаса керек. Демек, ол ережелерді бекітіп, сәйкес жағдайларға үнемі пайдаланып отырудан туындаған қаракет. Ал мұндайға тек ойлану арқылы ғана: ойды белгілеп, бекітіп, ойдың мазмұнын барынша анық және айқын сақтап, оларды іштей қарама-қайшылықтардан арылған мәнге толтыра отырып, логиканың теңдік және қарама-қарсылық заңдарына бағындырып барып қана қол жеткізуге болады. Тек сонда ғана құқық өзіне жүктелген дұрыс өмір сүруге себебін тигізетін ережелерді жинақтап, оған қолсұғушылықтарды тәртіпке келтіру, ақылға сыйымды теңдікті қалыптастыру, адамдарды біртіндеп өз арандарын шектеуге үйрету, адами саланы кеңейту сияқты міндеттерді орындата алатын болады. Сонда ғана құқық қоғам өмірге саналылық, татулық және әділдік тәртіптерін орнату бастамаларын әкелетін болады.

Әр құқықтық норма өкілетті субъектілермен алдын ала ойластырылған тәртіпті сақтай отырып орнатылады. Сондықтан әр норманы кім және қандай тәртіппен қабылдағанын білу өте маңызды. Себебі, өмірде орын алған норма заң-

сыз болып шығуы мүмкін. Мысалы, бүгінгі күні мемлекеттік органның өзі өз өкілеттігін асыра отырып ереже шығарып алуы ғажап нәрсе емес. Мұндайда құқық қай жерден басталып, қай жерде аяқталып, әрі қарай озбырлық пайда болатынын білген, болжаған дұрыс.

Заңның нормаларын дұрыс қолдану білімді ғана емес, табандылықты та қажет етеді. Себебі, бұл жұмысқа бейтараптылық керек: мұнда көбінде бір жағынан адамдардың күнделікті тіршілігінде кездесе беретін менікі дұрыс деген бір-бірімен менменшілікке толы күрес килік-се, екінші жағынан, адам пенде болғандықтан жеке тұлғалардың, топтардың немесе басқарушылардың мүдделендірілген жасырын дауыстары араласады. Халықтың құқықтық санасын биіктету үшін құқықтық ғылымды дамыту қажет. Ол үшін адамға нені істеуге болатындығын, нені міндетті түрде істеу керектігін, нені істеуге мүлде болмайтындығын жас кезінен үйретумен қоса, оған әр жағдайдың құқық арқылы ғана өзгеретіндігін көрсетіп, әр жағдайдың құқыққа қарсы немесе құқықты айналып өту арқылы өзгеруге жатпайтынын ұғындыру қажет. Сонда ғана құқық әр адамның жүріс-тұрысын өлшеуге қауқары бар мөлшерге айналатын болады. Құқықтың жай-жапсарын қазақ тілінде айттып беруге ұмтылу өз ана тілінді дамытып, байыта түсетіні сөзсіз.

Кәкен СЕЙІТОВ,
доғарыстағы судья

ӨНЕРТАБЫС: ІЗДЕНІС ПЕН ІРКІЛІС



Әйгілі ғалым Шоқан Уәлихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет... Тек ақиқат білім ғана күдік туғызбайды, ол өмірді бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді» деген сөздері арада екі ғасыр өтсе де өз маңызын жойған жоқ. Оны Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (ДЗМҰ) жыл сайын жариялайтын патент саны бойынша әлем елдері рейтингінен де аңғаруға болады.

Бұл рейтинг әрбір елдегі білім мен ғылымның деңгейін анықтаудың және өнертабыс иесіне деген көзқарастың да көрсеткіші іспеттес болып тұр. Халықаралық, ұлттық және аймақтық зияткерлік меншік кеңселерінің деректері пайдаланылатын бұл зерттеу әлемде коронавирус індеті таралғаннан кейін сәл саябырсып қалғандай көрінуі де мүмкін. Осы арада ескеретін тағы бір жайт мемлекеттік патенттік қызмет туралы есептер әдетте бір жылға кешігіп келеді. Өйткені, олар деректерді ұлттық патенттік ведомстволар шығарғаннан кейін халықаралық салыстыруды талап етеді.

Мәселен, ең соңғы боп жарияланған 2020 жылғы деректе патент саны бойынша әлем елдері рейтингіне 171 ел енген. Онда алғашқы ондықтың ішінде Қытай, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея, Германия, Үндістан, Канада, Ресей, Австралия, Бразилия тұр. Көшбасшы болып айқындалған Қытай елінде тіркелген 1400661 патенттің 1,2 миллионы резиденттердің, 157 мыңы резидент еместердің үлесіне тиеді. Екінші орындағы АҚШ-тағы 621 453 патенттің 285 мыңы резиденттердің, 336 мыңы резидент еместердің үлесінде. Яғни, өнертабысты тіркеу кезінде әр елдің ішкі және сыртқы әлеуеті де маңызды рөл атқарады.

Өкінішке қарай, өнертабыс иесіне айрықша құқық пен мәртебе беретін патенттерді тіркеу көрсеткіші көршілес елдермен салыстырғанда бізде төмен болып тұр. Атап айтқанда, Иран – 16 (12147 патент), Өзбекстан – 55 (543 патент), Әзірбайжан – 77 (167 патент), Қырғызстан – 88 (93 патент), Тәжікстан – 114 (2 патент) орында тұр. Әлемдік деңгейде тіркелген бірде бір патенті жоқ Қазақстан – 145, Түрікменстан – 166 орынға жайғасыпты. Ал біздің Еуразиялық экономикалық одақтағы серіктестеріміз Беларусь – 62 (393 патент), Армения – 82 (116 патент) сатыда.

Өнертабыс

1999 жылғы 13 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасының патент заңы-

ның» 6-бабы бойынша егер жаңа, өнертабыстық деңгейге жеткен әрі өнеркәсіпте қолдануға жарамды дүние болса, өнертабысқа құқықтық қорғау беріледі. Егер ол техника деңгейі туралы мәліметтерде белгісіз болса, өнертабыс жаңа болып табылады. Егер маман үшін ол техника деңгейі туралы мәліметтерден айқын кездеспейтін болса, өнертабыс өнертабыстық деңгейде болады. Техника деңгейі туралы мәліметтер өнертабыс басымдық алған күнге дейін дүниежүзінде жалпы жұртқа мәлім болған кез келген мәліметтерді қамтиды.

Егер өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтауда және қызметтің басқа да салаларында пайдалануға болса, өнертабыс өнеркәсіпте қолдануға жарамды деп табылады. Өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизмнің штаммына, өсімдіктер немесе хайуанаттар клеткаларының көбеюіне), әдіске (материалдық объектімен іс-әрекетті материалдық құралдардың көмегімен жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ, белгілі өнімді немесе әдісті жаңа мақсатта немесе жаңа өнімді белгілі бір мақсатта қолдануға жататын кез келген саладағы техникалық шешімдер өнертабыс ретінде қорғалады.

Жаңалықтар, ғылыми теориялар және математикалық әдістер; шаруашылықты ұйымдастыру және басқару әдістері; шартты белгілер, кестелер, ережелер; ақыл-ой операцияларын орындау, ойындарды жүргізу ережелері мен әдістері; есептегіш машиналарға арналған бағдарламалар мен алгоритмдердің өзі; ғимараттар, үйлер, аумақтар жоспарларының жобалары мен тәсілдері; бұйымдардың тек сыртқы түріне қатысты ұсыныстар; қоғамдық тәртіпке, ізгілік пен мораль қағидаттарына қайшы келетін ұсыныстар өнертабыстар деп танылмайды. Сондай-ақ, патенттерді адамды клондау тәсілдеріне және оның клонына; адамның ұрықтық желісі жасушаларының генетикалық тұтастығын өзгерту тәсілдеріне; адами эмбриондарды коммерциялық, әскери және өнеркәсіптік мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

Өнертабысқа патенттерді беру туралы өтінімдердің сараптамасын сараптама жасау ұйымы болып табылатын Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүргізеді. Өнертабысқа патент өтінім берілген күннен бастап 20 жыл бойы қолданылады. Қолданылуы үшін Қазақстанның рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсаттар алу талап етілетін дәрілік затқа, пестицидке жататын өнертабысқа қатысты айрықша құқықтың және осы құқықты куәландыратын патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ 5 жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін. Көрсетілген мерзім 5 жыл шегеріле отырып, өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күннен бастап өнертабысты қолдануға алғаш рұқсат алынған күнге дейінгі өткен уақытқа ұзартылады.

Қазақстанның бірінші патенті

Ұлттық зияткерлік меншік институтының (QAZPATENT) мәліметіне қарағанда Қазақстан Республикасының бірінші патенті 1997 жылы 16 маусымда Ә.Бектұров атындағы химиялық ғылымдар институты атына берілген. Өнертабыс атауы: «Редок-

сит», авторы: Е.Ергожин, Б.Мұхитдинова, Р.Бакиров.

Жалпы, 1995 жылдан 2022 жылдың 31 шілдесіне дейін QAZPATENT-тен Қазақстандағы өнертабысқа алдын ала және инновациялықты қосқанда 39 271 патент берілген. Сондай-ақ, пайдалы модельдер бойынша берілгені 7390 патент. Ал 2022 жылғы 1 қыркүйектегі мәліметке сәйкес 5492 патент әрекет етуде.

QAZPATENT жұмысы туралы статистика бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге берілген өтініштердің жалпы санында зияткерлік меншік объектілерін тіркеуге берілген өтінім саны 2020 жылы – 18364, 2021 жылы – 22413, 2022 жылы – 22836 болды. Ал мемлекеттік қызмет көрсетуге берілген өтініштердің саны 2020 жылы – 18903, 2021 жыл – 23180, 2022 жылы – 23592 болған.

Егер шетелдік патенттеуге QAZPATENT арқылы берілген өтінімдер санына қарайтын болсақ өнертабыстарға РСТ рәсімі бойынша берілген өтінімдер 2020 жылы – 33, 2021 жылы – 31, 2022 жылы – 24-ті құраған. Еуразиялық рәсім бойынша, өнертабыстарға берілген өтінімдер 2020 жылы – 91, 2021 жылы – 81, 2022 жылы – 78-ге жетіп отыр. Сонымен бірге, Еуразиялық рәсім бойынша өнркәсіптік үлгілерге берілген өтінімдер 2021 жылы – 8, 2022 жылы – 4 болды.

Е. КЕБЕКБАЙ

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ, ТҰТЫНУШЫ!



Күнделікті күйбелең тіршілікте біз түрлі тауарлар мен қызмет түрлерін тұтынамыз. Бірақ көп жағдайда тұтынушылар заңды білмегендіктен құқықбұзушылыққа жол беріп жататын жайттар да аз емес.

Кез келген қызмет көрсету салаларында тұтынушылар сапалы қызмет көрсетілуін талап етіп өздеріне қатысты ақпараттармен сұрап танысуға құқылы. Ондай ақпараттар мен сапалы қызмет ала алмаған жағдайда тиісті орындарға жүгіне алады. Тұтынушылар құқықтары Конституциямен, «Тұты-

нушылардың құқықтарын қорғау» туралы заңмен және Азаматтық кодекспен жүзеге асырылады.

Ең маңыздысы, халықтың тұтыну сауаттылығын арттыру шарт. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, тұтынушылар тарапынан түсетін шағымдардың 40% –

қаржылық қызметтерге, 20% – бөлшек сауда-саттыққа, 15 % – тұрғын үй, коммуналдық шаруаға байланысты болып отыр. Кейбір дүкендерде, тіпті базардың өзінде «тауар қайтарылмайды және ауыстырылмайды» деген тақтайшалар ілінген. Бұл ақпаратты көрген тұтынушының сатып алған затын қайтаруға дәті бармайды.

– Бұл хабарламалар «Тұтынушылардың құқығын қорғау» заңын бұзу болып табылады. Салық кодексіне байланысты ол ешқайда жазылмаған. Мерзімі өткен, сапасыз өнім мен азық-түлік сатып алынған жағдайда да тұтынушы өз құқықтарын қорғай отырып, тауарды қайтаруға немесе айырбастауға әрдайым құқылы. Алдымен сатушыға, ол болмаса департаментке жүгіну қажет. Тауардың қай жерде сатылғанына, бағасына қарамастан, тұтынушы құқығын қорғайтын арнайы заңның барын естен шығармаған жөн, – дейді заңгер Медет Бұқарбаев.

Тауар алғанда ескеретін кеңестер:

1. Міндетті түрде есеп шот түбіртегін талап етіңіз және жоғалтпаңыз.

2. Тауар орамасын немесе тауардың бір бөлігін сақтап қойыңыз.

3. Егер тауардың қауіпті екендігін қолданудан кейін білсеңіз, шағымдану арқылы тауардың сату бағасын төмендетуді, тауар кемшіліктерін тегін түрде жою немесе басқа тауарға алмастыруды талап етуге құқылысыз.

4. Сатушының «қайтару мүмкін емес» дегеніне қарамастан, қолыңызда чегіңіз болса, алған тауарыңызды дүкенге 14 күннің ішінде қайтаруға толық құқығыңыз бар.

5. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы жабдықтар, іш киімдер, шұлықтар, жа-

нуарлар мен өсімдіктер, метрлеп сатылатын тауарлар қайтарылмайтынын ескеріңіз.

6. Сатушы талабыңызды толығымен орындамаған жағдайда, сол мекеменің әкімшілігіне жүгініңіз. Заңда белгіленген 10 күн ішінде жауап болмаған жағдайда, өтініш тиісті мемлекеттік органға заңға сәйкес қарау және шаралар қабылдау үшін жолданды. Содан соң, ҚР Сауда және интеграция министрлігінің тұтынушылардың құқығын қорғау комитетіне хабарласып, өтініш қалдыра аласыз.

7. Сотқа жүгініңіз. Маманның айтуынша, шағымды сотқа дейін реттеу кезеңінде тұтынушы басымдығы арта түседі.

«Осыдан екі апта бұрын үйді жөндегенде эмульсия жағатын құрал алған едік, жұмысқа кіріскенде ол сынып қалды. Дәл сол күні сатушыға апарып едім, еш тыңдамады. Ол ол ма не істесең өзің біл деп қуып жіберді. Содан соң, тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіндегі адамдарға хабарласып, сапасыз болған тауарымның ақшасын қайтарып алдым. Тіпті, бұл мәселеге республика деңгейінде назар аударуға өз үлесімді қостым деп санаймын. Қазіргі таңда Парламент, Үкіметте, арнаулы министрліктер осы мәселемен айналысып жатыр. Әр тұтынушы өз құқығын білуі тиіс» – дейді қала тұрғыны Замир Болысбекұлы.

Қазіргі таңда тұтынушыларға да, бизнеске де және мемлекеттік органдарға да ыңғайлы болуы үшін шағымдарды қабылдау мен қараудың бірыңғай ақпараттық жүйесі – e-tutynushy.kz іске қосылған және жемісті істеп тұр. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау – мемлекеттің маңызды міндеті.

Алтынай ЖЕТПИСБАЕВА

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.4.2023 ж. жіберілді. Басуға 20.4.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 7. Таралым 1020.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»